



Қазақстан Республикасының Президенті
Қ.К. Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы

ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН: ЖАҢАРУ МЕН ЖАҢҒЫРУ ЖОЛЫ

ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫСТАР

Нұр-Сұлтан, 2022

Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы
Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институты

**Қазақстан Республикасының Президенті
Қ.К. Тоқаевтың Қазақстан халқына
Жолдауы**

ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН: ЖАҢАРУ МЕН ЖАҢҒЫРУ ЖОЛЫ

Әдістемелік ұсыныстар

Нұр-Сұлтан, 2022

ӘОЖ 323/324 (574)
КБЖ 66.3 (5Қаз)
Қ 18

*Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы
Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институтының
Ғылыми кеңесі баспаға ұсынған*

**Қ 18 Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К. Тоқаевтың
Қазақстан халқына Жолдауы. «Жаңа Қазақстан: жаңару мен
жаңғыру жолы». Әдістемелік ұсыныстар. – Нұр-Сұлтан: ҚР
Президенті жанындағы ҚСЗИ, 2022 – 108 б.**

ISBN 978-601-7972-92-9

ӘОЖ 323/324 (574)
КБЖ 66.3 (5Қаз)

ISBN 978-601-7972-92-9

© ҚР Президенті жанындағы ҚСЗИ, 2022

МАЗМҰНЫ

1. ЖОЛДАУ-2022: ЖАЛПЫ НЕГІЗГІ МЕССЕДЖДЕР.....	4
2. «ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН» ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ: НЕГІЗГІ МЕССЕДЖДЕР.....	7
3. «ЕКІНШІ РЕСПУБЛИКА»: НЕГІЗГІ МЕССЕДЖДЕР.....	11
3.1 Президенттің өкілеттігі.....	18
3.2 Парламентті қайта форматтау.....	21
3.3 Сайлау және сайлау жүйесі.....	24
3.4 Партиялық жүйенің дамуы.....	51
3.5 Құқық қорғау институттары.....	54
3.6 БАҚ және азаматтық қоғам.....	65
3.7 Елдің әкімшілік-аумақтық құрылымы.....	68
3.8 Жергілікті өзін-өзі басқару.....	72
КОНСТИТУЦИЯҒА ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ ЖОБАСЫ БОЙЫНША САЛЫСТЫРМА КЕСТЕ.....	81

1. ЖОЛДАУ-2022:

ЖАЛПЫ НЕГІЗГІ МЕССЕДЖДЕР

- 1 Президент Жолдауға дейін, 11 қаңтар мен 1 наурыздағы сөйлеген сөздерінде алдағы саяси реформалардың бағытын белгіледі.

 - ▶ 11 қаңтарда өткен Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің отырысында Мемлекет басшысы кезекті Жолдауында азаматтық қоғам және сарапшылармен кең және сындарлы диалог негізінде дайындалған саяси реформалардың жаңа пакеті ұсынылатынын мәлімдеді.
 - ▶ 1 наурызда өткен Nur Otan партиясының кезектен тыс XXII съезінде Nur Otan партиясының трансформациясы жарияланды.
- 2 Осылайша, 2022 жылғы 16 наурызда Президент Жаңа Қазақстанның мемлекеттік құрылысы жолындағы саяси ырықтандыру бағытының заңды жалғасы болып табылатын реформалардың жаңа пакетін жариялады.
- 3 Президенттің саяси бастамалары елдің одан әрі дамуы, мемлекеттің тұрақтылығын қамтамасыз ету және билік пен қоғамның тұрақты диалогы арқылы

қоғамдық келісімді нығайту мүддесінде саяси және өзге де өзгерістерді жүргізудің өзектілігі мен маңыздылығын көрсетеді.

- 4 Президенттік реформалар дағдарыстық құбылыстарға (пандемия, қаңтардағы оқиғалар, санкциялық тәуекелдер және т.б.) қарамастан, дәйекті және үздіксіз іске асырылуда.
- 5 Тұжырымдамалардың, заңдар мен заңға тәуелді актілердің жобаларын әзірлеу мен талқылауға мүдделі саяси партиялардың, үкіметтік емес ұйымдардың, сарапшылар қоғамдастығының өкілдерін, жекелеген азаматтық белсенділерді қатысуға белсенді тарту Мемлекет басшысының өзі мәлімдеген саяси ырықтандыру бағытын ұстанатынын айғақтайды.
- 6 Президент қазақстандықтардың құқықтары мен бостандықтары үшін мүмкіндіктерді кеңейте отырып, саяси реформаларға бет бұруда.
- 7 Мемлекет басшысы шешім қабылдауда және орындауды бақылауда азаматтық қоғамның рөлін арттыруды таңдап, саяси либералдандыруға барды.
- 8 Қ.К. Тоқаев реформаларды жеңіл-желпі өзгерістер үшін емес, тиімді стратегиялық даму үшін қолға алады.
- 9 Президент жүйелік проблемалармен күресудің нақты тиімді тетіктерін ұсынады.

- 10 ▶ Суперпрезиденттік республикадан күшті Парламенті бар президенттік республикаға түпкілікті көшу.
- 11 ▶ Ауқымды кешенді заңнамалық және құқықтық жұмыс күтіп тұр – Конституцияның 30 бабы, 7 Конституциялық заң, 15-тен астам заң өзгертіледі, 20-дан астам жаңа заң жобасын дайындау қажет.
- 12 ▶ Жолдауда Президенттің туыстарына қызмет атқаруға тыйым салуға қатысты саяси-моральдық негіз қаланғанына назар аудару.
- 13 ▶ Жолдау әртүрлі құрылымдардың қатысуымен өткізілген көптеген сараптамалық талқылауларды ескере отырып дайындалды. Мысалы, ҚСЗИ-да бірнеше талқылау өтті. Сарапшылардың дауысы мен пікірлері ескерілді.
- 14 ▶ ҚХА квотасы түріндегі этностардың өкілдігі Мәжілісте ғана емес, Сенатта да сақталады.
- 15 ▶ Барлық өзгерістерді енгізуге бірнеше ай қажет – заң шығару процесі әдетте 18 кезеңді қамтиды.
- 16 ▶ Бүгінгі реформалар саяси реформалардың төрт пакетінің жалғасы болып табылады, **барлық реформалар өзара байланысты, ауқымды, дәйекті.**

2. «ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН» ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ: НЕГІЗГІ МЕССЕДЖДЕР

- ▶ Жаңа Қазақстан – тұтастай алғанда еліміздің болашағының бейнесі. Бұл тұста ең алдымен, қоғамдық құндылықтарды жаңарту және ұлттың жаңа сапасын қалыптастыру қажеттілігі туралы сөз болып отыр. Тиісінше, бұл қаңтардағы оқиғалардан немесе Жолдаудан кейін біз автоматты түрде Жаңа Қазақстанда өмір сүре бастадық дегенді білдірмейді.
- ▶ Президент «Жаңа Қазақстан» тұжырымдамасын ұсына отырып, жақын болашаққа арналған ұлттық құрылыстың жаңа мақсатын белгілеп берді. Жаңа Қазақстанды бір сәтте, бір мезетте құру мүмкін емес. Бұл – қоғамдық қайта құрудың терең және ұзақ процесі.
- ▶ Жаңа Қазақстан – қоғам мен ұлттың жаңаруы.
- ▶ Жаңа Қазақстан – саяси институттардың, мемлекеттік аппараттың, жалпы биліктің ғана емес, әрбір азаматтың, қоғамның жаңаруы.
- ▶ Жаңа Қазақстан – ментальді өзгерістер, құндылықтардың өзгеруі.

- ▶ Жаңа Қазақстан – қоғамның жаңа бейнесі.
- ▶ Жаңа Қазақстан – радикализмнен, шектен тыс көзқарастар мен іс-әрекеттерден бас тарту, жасампаздық уәжді нығайту.
- ▶ Жаңа Қазақстан – ең алдымен қоғамдық құндылықтарды қайта жаңғырту.
- ▶ Жаңа Қазақстан – қоғамдағы түрлі олқылықтарды еңсеру.
- ▶ Жаңа Қазақстан – мемлекеттік саясаттың гуманитарлық өлшемі және адами капиталға мән беру.
- ▶ Жаңа Қазақстан – кезең-кезеңімен және жүйелі реформаларды жалғастыра беру.
- ▶ Жаңа Қазақстан – бұл адамдардың өз өмірлері, кәсіби орындалған жұмыстары, қоршаған ортасы үшін жауапкершілікті өз мойнына алуы.
- ▶ Жаңа Қазақстан – жаңару мен жаңғыру жолы.
- ▶ Жаңа Қазақстан – қоғамдық сананың жаңғыруы.

- ▶ Жаңа Қазақстан – абстрактілі идея емес, ол болашақтың айқын бейнесі. Бұл ынтымақтастық пен бірліктің құндылықтары.
- ▶ Жаңа Қазақстан – біртұтас, дана және ұстамды халық.
- ▶ Жаңа Қазақстан – әрқашан өз мақсаттарына қол жеткізетін, патриотизм рухы жоғары халық.
- ▶ Жаңа Қазақстан – болашақтағы тәуелсіз Қазақстанның бейнесі.
- ▶ Жаңа Қазақстан – диалог пен ымыраның жоғары мәдениеті, азаматтық ынтымақтастықты нығайту.
- ▶ Жаңа Қазақстан – бұл надандық пен архаикаға, радикализм мен масылдыққа, тұтыну культі мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұратын қоғам.
- ▶ Жаңа Қазақстан – адамдардың таланты мен еңбекқорлығын бағалайтын қоғам.
- ▶ Жаңа Қазақстан – әрбір қазақстандықтың өз көзқарасын өзгертуге дайындығы, елдің дамуы үшін өмірлік стратегиясы.

- ▶ Жаңа Қазақстан – азаматтық қоғамның түрлі көзқарастар мен ұстанымдарымен бірігуі.
- ▶ Жаңа Қазақстан – бұл адам, оның мүдделері мен қажеттіліктері бірінші орында тұратын мемлекет.
- ▶ Жаңа Қазақстан – бұл ар-ождан, ізгілік, әділеттілік кодексін сақтайтын қоғамның әрбір мүшесі үшін күнделікті өмір мәдениеті бар қоғам.
- ▶ Жаңа Қазақстан – мықты азаматтық қоғамы қалыптасқан тиімді мемлекет.
- ▶ Жаңа Қазақстан – бұл азаматтары мен биліктің жауапкершілігі бар мемлекет.

3. ЕКІНШІ РЕСПУБЛИКА:

НЕГІЗГІ МЕССЕДЖДЕР

«ЕКІНШІ РЕСПУБЛИКА» АТАЛУЫНЫҢ СЕБЕБИ НЕДЕ?

- ▶ Жарияланған бастамаларға сәйкес Конституцияның отыз бабы өзгертіледі, іс жүзінде бұл мемлекеттің саяси моделін қайта құру, мемлекеттік құрылысты трансформациялау.
- ▶ Оның үстіне Екінші республика – қолжетімді әрі алдағы мақсат, өйткені Мемлекет басшысы ұсынған саяси реформаларды іске асыру осы жылға жоспарланып отыр.
- ▶ Екінші республиканың мақсаты – саяси институттар арасында оңтайлы тепе-теңдік қалыптастыру.
- ▶ Екінші республика – бұл тек механикалық қысқарту, билікті күшейту немесе нығайту ғана емес, мәртебені теңестіру, барлық саяси институттардың рөлі мен мәртебесін теңестіру.
- ▶ Екінші республика – бұл мемлекеттік басқару моделнің өзгеруі ғана емес, сонымен бірге мемлекеттік және әлеуметтік даму парадигмасының өзгеруі.

- ▶ Екінші республика – бұл мемлекеттік модельдің жаңаруы.

I. «Екінші республика» ұғымы нені білдіреді?

«Екінші республика» – бұл Қазақстан Президенті Қ.К. Тоқаевтың 2022 жылдың 21 наурыз күні Наурыз мейрамын тойлау кезінде Алматы тұрғындарымен кездесуінде енгізген жаңа түсінігі.

«Екінші республика» идеологемасы мемлекеттік құрылымның өзгеруін, жаңа саяси модельге көшуді білдіреді.

Екінші республика 2022 жылы қаңтарда елде мемлекеттік төңкеріс жасап, билікті басып алу әрекетінен кейін басталған Қазақстанның жаңа тарихи кезеңін білдіреді. Арандатушылардың **жеңілісі, азаматтардың елде реформа жасау туралы сұранысы** егемен елдің мемлекеттілігіне **ішкі, жаһандық және аймақтық** өзекті мәселелер сынақ болған жағдайда билікті жедел әрі жүйелі жаңарту міндетін талап етті. Президент Қ.К.Тоқаев ел үшін **либералды стратегия** бағытын таңдады. Осылайша, «Жаңа Қазақстан» **мемлекеттік құрылысының жаңа кезеңі** басталады.

Президент Қ.К.Тоқаев 2022 жылы қаңтар-наурыз айларында сөйлеген сөздерінде Жаңа Қазақстанды құру туралы көзқарасы мен бірінші кезекте орындалатын міндеттерді айқындады:

- ▶ 2022 жылы 11 қаңтардағы Мәжіліс отырысында сөйлеген сөзінде.
- ▶ 2022 жылы 1 ақпандағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі кеңесте сөйлеген сөзінде.

- ▶ 2022 жылы 8 ақпандағы Үкіметтің кеңейтілген отырысында сөйлеген сөзінде.
- ▶ «Нұр Отан» партиясының кезектен тыс съезінде сөйлеген сөзінде.
- ▶ 2022 жылғы 16 наурыздағы Парламент Палаталарының бірлескен отырысында сөйлеген сөзінде Президент саяси реформалардың ауқымды бағдарламасында елдің саяси жүйесін трансформациялау бағыттарын айқындады.

Бұл стратегиялық үндеулерінде басталып жатқан тарихи кезеңнің мәні көрсетілген. Ол – **суперпрезиденттік басқару үлгісінен мықты парламенті бар президенттік республикаға біржола көшу, мықты азаматтық қоғамы бар тиімді мемлекет моделін құру.**

Осылайша, **Екінші республика** – Президент Қ.К. Тоқаевтың мемлекеттік құрылыстың осы кезеңінде «**күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет**» қағидаты бойынша іске асырылатын реформалар нәтижесінде қол жеткізетін болашақтың айқын бейнесі.

2022 жыл **Екінші республиканың құрылысында маңызды** рөл атқарады. Жылдың соңына дейін Екінші республика құрылысының заңнамалық негізі қалыптасуы тиіс. Конституцияның 30 бабына және 20 заңға өзгерістер әзірленіп, қабылдануы қажет.

II. Бірінші және Екінші республикалар

Екінші республика алдыңғы мемлекеттік құрылыс жүйесімен, яғни Бірінші республикамен сабақтастығын көрсетеді.

Бірінші Республика – бұл 1991 жылдан бастап 2022 жылға дейінгі кезең, Тәуелсіздікке қол жеткізіп, мемлекетті нығайтқан сәттен бастап 2022 жылғы қаңтар оқиғаларына дейінгі кезең.

Бірінші республиканың негізгі табыстары КСРО ыдырағаннан кейін егемен мемлекеттің құрылуы, халықаралық қоғамдастықпен мемлекеттік шекара мәселесінің шешілуі, нарықтық экономиканың қалыптасып, Қазақстанның халықаралық саясатта дербес ойыншы ретінде танылуымен байланысты. Сонымен бірге, тез өзгеріп жатқан әлем және жаһандану кезеңінде Бірінші республиканың саяси жүйесі құрылымдық тұрғыдан өзгеріп, бүгінгі жағдай мен сын-қатерлерге бейімделе алмады. Кейбір салаларда, әсіресе, қоғамдық келісімді қалыптастыра алмаған саяси салада тоқырау байқала бастады.

Осы себепті Мемлекет басшысы наурыз айындағы (2022) Қазақстан халқына Жолдауында билік институттары мен басқарудың жаңа формасы арасында жаңа конституциялық тепе-теңдікті қалыптастыру міндетін қойды.

Екінші республика, ең алдымен, конституциялық жаңару – суперпрезиденттік басқару жүйесінен көшу, Парламентті қайта ұйымдастыру, жергілікті жерлерде мәслихаттардың рөлін күшейту және т.б. екенін түсінген жөн.

III. Екінші республиканың мемлекеттік-саяси жүйесін трансформациялаудың негізгі басымдықтары

- ▶ Президент өкілеттігін шектеу.
- ▶ Парламентті қалыптастыру тәртібі мен функцияларын қайта форматтау.

- ▶ Пропорционалды-мажоритарлық аралас сайлау жүйесін енгізу.
- ▶ Саяси партияларды тіркеу рәсімін жеңілдету. Партиялық жүйенің мүмкіндіктерін кеңейту.
- ▶ Сайлау процесін жетілдіру.
- ▶ Сот жүйесінің тәуелсіздігі мен ашықтығы.
- ▶ Мәслихат рөлін нығайту.
- ▶ Адамның негізгі құқықтарын қорғау.
- ▶ Азаматтық қоғам институттары мен БАҚ рөлін арттыру.

IV. Екінші республиканың негізі: орнықты экономикалық даму және әлеуметтік әділеттілік

Президент Қ.К.Тоқаев өзінің 2022 жылы қаңтар-наурыз айларында сөйлеген стратегиялық сөздерінде әлеуметтік және экономикалық салалардағы шаралар пакетін, сондай-ақ сыртқы саясат пен ұлттық қауіпсіздіктің басымдықтарын белгіледі.

Әлеуметтік салада:

- ▶ Халықтың еңбек табысын арттыру және әлеуметтік теңсіздікті төмендету.
- ▶ Шағын және орта бизнесті дамыту арқылы жұмыс орындарын ашу.
- ▶ Табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен аз 1 млн азаматтың өмір сүру деңгейін арттыру.
- ▶ Делдалдар, операторлар мен агенттерді жою/қысқарту арқылы тарифтер мен қызметтерге бағаны төмендету.

- ▶ Бағаның негізсіз өсуіне және инфляцияға қарсы күрес (2022 жылғы мақсатты инфляция дәлізі 4-6%, ал 2025 жылы 3-4%).
- ▶ Қолжетімді баспана. Субсидияланатын жалға берілетін тұрғын үй.
- ▶ Денсаулық сақтау жүйесі мен медициналық қызмет сапасын арттыру (20 заманауи аурухана салу). Медициналық техниканы сатып алу жүйесінің ашықтығы.
- ▶ Салық адалдығы және бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі. «Қазақстан халқына» қорының жалпыұлттық игі мақсаттағы қызметі.
- ▶ Сыбайлас жемқорлықпен күрес. Оған апаратын себептер мен жағдайды жою. Мемлекеттік сатып алу және квазимемлекеттік сектордағы сатып алу жүйесін қайта қарау.
- ▶ Адал еңбек, әділ сыйақы идеологиясын дәріптеу.
- ▶ Мемлекеттік қолдаудың тиімділігі мен қолжетімділігі.

Экономика саласында:

- ▶ Бюджетті жоспарлау жүйесін реформалау. Цифрландыру. Мемлекеттік шығыстардың әлеуметтік-экономикалық тиімділігін арттыру.
- ▶ Инвестициялық саясатты қайта қарау. Инвестициялық жобалардың қоғамдық мониторингі.
- ▶ Еркін экономикалық аймақтардың жұмысын ұйымдастыруды қайта қарау (ІЖӨ-де өндірілген тауарлар көлемін ұлғайту, экспорт үлесін арттыру).
- ▶ Кедендік төлемдердің ашықтығы (ең алдымен ҚХР шекарасында).
- ▶ Шағын және орта бизнеске қолдау көрсету.

- ▶ Монополияны жою.
 - ▶ Олигархияны жою.
 - ▶ Сыртқа кеткен капиталды қайтару.
 - ▶ Квазимемлекеттік сектордың тиімділігін арттыру.
- «Самұрық-Қазына» ҰАҚ реформасы.
- ▶ Өңірлердің бюджет тәуелсіздігін арттыру.
 - ▶ Автомобиль жасауды дамыту.
 - ▶ Құрылыс нарығындағы монополияны жою және бәсекені арттыру.
 - ▶ Аграрлық-өнеркәсіп кешендерін дамыту. Пайдаланылмайтын жайылымдарды жергілікті тұрғындардың пайдалануына беру. Жердің өнімсіз бір қолда шоғырлануына жол бермеу: жер учаскелерінің шекті мөлшерін енгізу.
 - ▶ Энергетикалық кешенді дамыту. Цифрлы майнингті экономиканың бір саласы ретінде заңды ету.
 - ▶ Санкция текетіресі шиеленіскен тұста елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының тұрақтылығын қамтамасыз ету.

Сыртқы саясат пен Ұлттық қауіпсіздік жүйесін нығайту бойынша

- ▶ Еуразия қауіпсіздігінің бөлінбес қағидаты.
- ▶ Халықаралық қақтығыстарды бейбіт жолмен реттеу.
- ▶ Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жүйесін түбегейлі қайта ұйымдастыру.
- ▶ Қарулы күштердің, құқық қорғау құрылымдарының, Ұлттық қауіпсіздік, сыртқы барлау органдарының жұмысын қайта құру.
- ▶ Құқық қорғау жүйесін реформалау.

3.1 ПРЕЗИДЕНТТИҢ ӨКІЛЕТТІГІ

ҚР Президенті Қ.К. Тоқаев:

«Қазір бізде барлығы Президентке келіп тіреледі. Бұл дұрыс емес. Мұндай тәжірибеден біртіндеп алшақтау керек. ... Саяси үстемдікке сенімді тосқауыл қою керек. Президент өзінің өкілеттігін атқару кезеңінде партияға мүшелігін тоқтата тұруға міндетті екенін заң жүзінде ресімдеуді ұсынамын».

ҚР Конституциясына сәйкес (43-бап) Қазақстан Республикасы Президентінің өкілді органның депутаты болуға, өзге де ақы төленетін қызметтерді атқаруға және кәсіпкерлік қызметпен айналысуға құқығы жоқ. Енді осы шектеулерге **«өз өкілеттіктері кезеңінде партияға мүшелігін тоқтату»** тармағы қосылады.

Бұл норма саяси бәсекелестікті арттырады, барлық партиялардың дамуы үшін тең жағдайды қалыптастырады. Осылайша біз елдің болашақ көшбасшыларының негізгі саяси институттарды өз ыңғайларына бағындыру дағдысынан алшақтатамыз.

Халықаралық тәжірибені зерттей отырып, президенттерге 20-ға жуық ұлттық Конституциядан партиялық қызметке қатысуға тыйым салынғанын көруге болады. Олардың барлығында партияны басқаруға айтарлықтай тыйым

салынған. Тек 4 ел **Президенттің партияға мүшелігіне толық тыйым салады:**

- ▶ ЭСТОНИЯ – Республика президенті саяси партияға мүшелігін өкілеттік мерзімінде тоқтата тұрады;
- ▶ АЛБАНИЯ – Республика президенті қандай да бір өзге қоғамдық лауазымды атқара алмайды, партия мүшесі бола алмайды немесе өзге де жеке қызметпен айналыса алмайды;
- ▶ БЕЛАРУСЬ – президент өзінің бүкіл өкілеттік мерзімі кезінде саяси мақсаттарды көздейтін саяси партияларға және өзге де қоғамдық бірлестіктерге мүшелігін тоқтата тұрады;
- ▶ ТҮРКИЯ – сайланған президент, егер ол партия мүшесі болса, өз партиясымен қарым-қатынасты тоқтатады.

«Саяси партиялар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес (8-бап) әскери қызметшілер, ұлттық қауіпсіздік органдарының, құқық қорғау органдарының қызметкерлері мен судьялардың саяси партияда болмауы, қандай да бір саяси партияны қолдап сөйлемейуі тиіс. Енді бұл тізім **Орталық сайлау комиссиясының, Есеп комитетінің және Конституциялық кеңестің төрағалары мен мүшелерінің** партиядан міндетті түрде шығуы туралы тармақпен толықтырылады.

Сондай-ақ, **әкімдер мен олардың орынбасарларына партия филиалдарында қызмет атқаруға заң жүзінде тыйым салу** ұсынылады.

ҚР Президенті Қ.К. Тоқаев:

«...қасіретті қаңтардан мынадай маңызды сабақ алдық: мемлекеттегі ең жоғары лауазымды тұлғаның қолында барлық өкілеттіктің шоғырлануы оған жақын тұлғалар мен қаржылық-олигархиялық топтардың ықпалын орынсыз күшейтеді. Сосын олар мемлекетті жеке меншігі сияқты көре бастайды. Непотизм, қай елде болмасын, кадрларды теріс таңдауға әкеледі, сыбайлас жемқорлықтың өркендеуіне қолайлы ортаға айналады».

НЕПОТИЗМ (лат. **nepos** – **немере**) – туыстары мен өз адамдарына қызметтік қолдау көрсету. Непотизм – сыбайлас жемқорлық көріністерінің бірі.

ҚР Президенті Қ.К. Тоқаев:

«Барлық азаматтарға бірдей мүмкіндік берілетініне Мемлекет басшысы мызғымас кепіл болуға тиіс. Сондықтан Президенттің жақын туыстарына саяси мемлекеттік қызметші болуға және квазимемлекеттік секторда басшылық лауазымдарды иеленуге заң жүзінде тыйым салынады. Мұндай норманы Конституцияға енгізсек те артық болмайды деп санаймын».

ҚР Неке (ерлі - зайыптылық) және отбасы туралы Кодексінің 1-бабына сәйкес жақын туыстар – бұл ата-аналар, балалар, бала асырап алушылар, асырап алынғандар, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілер мен апа-сіңлілер, атасы, әжесі, немерелері.

3.2 ПАРЛАМЕНТТІ ҚАЙТА ФОРМАТТАУ

ҚР Президенті Қ.К. Тоқаев:

«Біз Президенттің өкілеттігін біртіндеп қысқарта отырып, Парламенттің рөлін айтарлықтай арттыруымыз керек. Сол арқылы мемлекетіміздің институционалдық тұғырын нығайтамыз. Шын мәнінде, елімізде өкілді билік тармағы мықты болуы қажет.

Халықтың сенім мандатына ие болған депутаттарға жоғары жауапкершілік жүктеледі. Олар мемлекетімізді өркендету ісіне белсене атсалысуға тиіс».

Сенатты құрудың ескі моделі



Мәслихаттардың
жанама
дауыс беруі

Президент
арқылы
тағайындайтындар

Сенатты құрудың жаңа моделі



Мәслихаттардың
жанама дауыс
беруі арқылы

Президент
тағайындайтын,
оның ішінде ҚХА
ұсынысы бойынша

Бүгінгі таңда Парламент Сенаты 49 депутаттан (әр өңірден сайланған екі сенатордан) және Президент тағайындайтын 15 сенатордан жасақталған.

Президенттік квотаны қайта қарау кезінде Президент тағайындайтын сенаторлардың саны 15 емес, 10 болады. Оның ішінде олардың бесеуін Қазақстан халқы ассамблеясы ұсынады, ол қазіргі уақыттағыдай сайланбайды.

Осылайша, Қазақстан халқы ассамблеясының квотасы Сенатқа өтеді және 9-дан 5 депутатқа дейін қысқартылады, тиісінше ол Мәжілісте таратылады.

Мәжілісті құрудың ескі моделі



Партиялық тізіммен
(жүйе пропорц.
бойынша)

ҚХА арқылы

Мәжілісті құрудың жаңа моделі

Аралас сайлау жүйесі



Партиялық
тізіммен –
70 %
(пропорц.
жүйе бойынша)

Мандаттық
округтер
бойынша –
30%
(мажоритарлық
жүйе бойынша)

Елде қоспалаталы Парламент сақталады. Унитарлық мемлекетте төменгі және жоғарғы палаталары бар Парламенттің болуы кең таралған әлемдік тәжірибе. Әлемде барлығы 127 біртұтас республика болса, олардың 39-ында қос палаталы парламент бар. (*Алжир, Ауғанстан, Белоруссия, Боливия, Бурунди, Габон, Гаити, Доминикан Республикасы, Египет, Зимбабве, Индонезия, Ирландия, Италия, Қазақстан, Камерун, Кения, Конго Республикасы, Кот-д'Ивуар, Либерия, Мадагаскар, Мьянма, Намибия, Палау, Парагвай, Польша, Руанда, Румыния, Словения, Тәжікстан, Тринидад және Тобаго, Түркіменстан, Өзбекстан, Уругвай, Филиппин, Франция, Чехия, Чили, Экваториалық Гвинея, ОАР*).

3.3 САЙЛАУ ЖӘНЕ САЙЛАУ ЖҮЙЕСІ

ҚР Президенті Қ.К. Тоқаев:

«Пропорционалды-мажоритарлық үлгі сайлаушылардың мүддесін ұлттық және өңірлік деңгейде толық таныта алады».

Жолдауда еліміздің сайлау жүйесіне өзгерістер енгізу ұсынылып отыр. Сонымен қатар, көпшілік, пропорционалды, аралас секілді сайлау жүйелерінің әртүрлі үлгілері қолданылады. Тәжірибе көрсетіп отырғандай, халық көбінесе олардың негізгі айырмашылықтарын түсінбейді. Сондықтан, негізгі хабарламаларды түсіндіру кезінде сайлау жүйелерінің басты айырмашылықтарына назар аударған жөн:

Мажоритарлық сайлау жүйесі

Мажоритарлық жүйеде әр сайлау округінен **бір депутат** сайланады, сондықтан ең көп дауыс жинаған адам сайлауда жеңімпаз болып танылады. Дауыстардың басымдығы абсолютті (яғни 50% + 1 дауыс) және салыстырмалы (яғни қарсыласқа қарағанда көп) болуы мүмкін. Бұл жүйенің артықшылығы – жеңімпаз кандидатты анықтаудың қарапайымдылығы, кемшілігі – дауыстардың төмен өкілдігі. Теория жүзінде 49%-дан астам дауыс жоғалуы мүмкін.

Пропорционалды сайлау жүйесі

Пропорционалды сайлау жүйесінде дауыс беру партиялық тізім бойынша жүреді және халық нақты кандидаттар үшін емес, саяси партия үшін дауыс береді. Әр партия Парламентте дауыстар санына нақты сәйкес келетін орындар санын алады. Бұл жүйенің кемшілігі – «тәуелсіз» кандидаттарды ұсынудың мүмкін еместігі.

Аралас немесе пропорционалды-мажоритарлық сайлау жүйесінде парламентшілердің жартысы мажоритарлық жүйе бойынша сайланады, яғни бір сайлау округінен бір депутат, ал депутаттардың екінші жартысы партиялық тізімдер бойынша пропорционалды жүйе негізінде сайланады, яғни партияларға дауыс береді.

Толығырақ ақпаратты 1-суреттен көруге болады.



<https://www.youtube.com/watch?v=C1e0b53Clou>

Саяси реформалар шеңберінде Мәжілісті, мәслихаттарды қалыптастыру тәсілдері мен тәртібі толығымен өзгереді, яғни сайлау жүйесі де өзгереді.

Егер Мәжіліс пропорционалды жүйе негізінде ғана қалыптастырылса, яғни кандидаттарды тек саяси партиялар ұсынған болса, енді **Мәжілістің** 70%-ы партия негізінде, 30%-ы дербес кандидаттар болады, яғни аралас сайлау жүйесі қолданылады.

2021 жылғы парламенттік сайлаудан бастап **облыстық, аудандық, қалалық мәслихаттар** да пропорционалды жүйе негізінде қалыптастырылды. Енді **облыстық мәслихаттар** да аралас сайлау жүйесі негізінде құрылатын болады, алайда проценттік арақатынас басқаша болады, яғни мәслихаттың 50%-ы партиялық негізде, 50%-ын дербес кандидаттар құрайтын болады. Алайда аудандық, қалалық мәслихаттар толығымен мажоритарлық жүйеде құрылатын болады, яғни әрбір сайлау округі өзінің кандидатын ұсынатын болады.

Мәжіліс пен мәслихаттардың қалыптасуындағы негізгі өзгерістер туралы толығырақ ақпаратты 2-суретте көруге болады.

Өкілетті билік органдарын құру әдістемесінің салыстырмалы схемасы



Егер бұрын Сенаттың құрамында 49 депутат болса, енді олардың саны 50-ге дейін ұлғайды.


Бұған дейін Сенатта қоғамның ұлттық, мәдени және өзге де маңызды мүдделерін қамтамасыз ету қажеттілігін ескере отырып, Сенаттың 15 депутатын Мемлекет басшысы тағайындаса, жаңа реформаға сәйкес президенттік квота саны 10 депутатқа дейін азаяды. Бұл ретте 10 депутаттың 5-еуін ҚХА ұсынады. Нәтижесінде ҚХА квотасы Мәжілістен Сенатқа беріледі.

Жаңа облыстардың (Ұлытау, Жетісу, Абай) құрылуына байланысты Сенат құрамына әр облыстан, Нұр-Сұлтан,

Алматы және Шымкент қалаларынан екі адамнан жалпы саны 40 депутат сайланады.

Жоғарыда айтылған өзгерістер туралы толығырақ мәлімет 3-суретте көрсетілген.

Сенатты құру әдістемесінің салыстырмалы схемасы



ҚР Президенті Қ.К. Тоқаев:

«Пропорционалды және мажоритарлық жүйе қатар қолданылса, саяси партиялардың рөлі сақталады. Олар еліміздегі азаматтық қоғамның басты институттарының бірі ретінде қала береді. Сонымен бірге бұл жүйе сайлауды әділ өткізуге және мемлекетті тиімді басқаруға мүмкіндік береді».

Мемлекеттік басқарудың бұрынғы үлгісінде Мәжілістің құрамында 107 депутат бар еді. Оның 98-і пропорционалды сайлау жүйесі арқылы партиялық тізім бойынша, 9 депутат Қазақстан халқы ассамблеясынан сайланды.

Енді олардың жалпы саны 98 депутатқа қысқарады. Сөйтіп аралас сайлау жүйесі бойынша сайланады. Яғни, депутаттардың 70%-ы партиялық тізім арқылы немесе партиядан сайланады. 30%-ы өзін-өзі ұсынған үміткерлер құрайды. Жоғарыда айтылған өзгерістер туралы толығырақ мәлімет 4-суретте көрсетілген.

Мәжілісті құру әдістемесінің салыстырмалы схемасы



Дауыс берудің баламалы түрлері: халықаралық тәжірибе


ҚР Президенті Қ.К. Тоқаев:

«Көптеген елдер дауыс берудің баламалы түрлерін пайдаланып жатыр. Яғни, электронды, мерзімінен бұрын, қашықтан, көпкүндік дауыс беру тәсілдері кеңінен қолданыла бастады. Сондықтан әлемдегі үздік тәжірибелерді зерттеп, қажет болса, оны біртіндеп енгізген жөн».

Электронды дауыс беру, сондай-ақ мерзімінен бұрын сайлау Қазақстанда бұған дейін енгізілді. Кейін одан бас тартылды. Заманауи телекоммуникация базасы техникалық тұрғыдан сайлау кезінде деректерді барынша дұрыс пайдалану мен қорғауды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Бізге, сондай-ақ көптеген шет мемлекеттерге бұлай жасауға мүмкіндік бермейтін бірден-бір мәселе бұл жүйеге азаматтардың сенім артпауы.

Қашықтықтан дауыс беру АҚШ пен Аустралияда қолданылады, бірақ онда да электронды дауыс берудегі секілді тәуекелдер: сенімсіздік, сайлауды бастаудағы фальстарт, жүйе қателіктері, жеке мәліметтің таралып кетуі және т.б. бар.

«Электронды демократия», «сайлау үдерісін автоматтандыру», «сайлау үдерісін сандандыру», «электронды дауыс беру» және «қашықтан электронды дауыс беру» түсініктерінің ара-қатынасы



Бұл жерде: ЭДБ – электронды дауыс беру
ҚЭДБ – қашықтан электронды дауыс беру

Бірқатар мемлекеттер 10 жылдан астам уақыттан бері қашықтан электронды дауыс беру жүйесін дамытып келеді. Бірақ әзірге оларды кең ауқымда қолдануға нақты ешкім көшкен жоқ. Бұл дауыс беруге қажетті талаптарды іске асырудың техникалық күрделілігіне, соның ішінде таңдау құпиясына, дауыс берудің ашықтығы мен айқындығына, сыртқы араласудан қорғауға, жергілікті сайлау заңнамасының ерекшеліктеріне байланысты.

Мұндай жүйелердің дамуына үлестірілген реестрлік технология – блокчейннің пайда болуы серпін берді. Ол

қауіпсіздік пен ашықтыққа қатысты бірқатар проблеманы ұтымды шешуге мүмкіндік береді. Қазір блокчейн қашықтықтан электронды дауыс берудің негізгі элементі ретінде пайдаланылады.

Эстония – республикалық сайлауда электронды дауыс беру жүйесін қолданатын әлемдегі тұңғыш мемлекет. Сондай-ақ қазіргі таңда қашықтан электронды дауыс беру толығымен қолданылған жалғыз ел. Мұндай таңдау елдегі барлық сайлаушыға қолжетімді.

Есептелінетін қорытындысы бар дауыс берудің осы түрін Эстонияда 2005 жылдан бері қолданады. 2019 жылы сол кездегі Еуропалық парламент сайлауында электораттардың жартысынан жуығы осы нұсқаны таңдаған. Пайдаланушыны қашықтан аутентификациялау электрондық қолтаңба сертификаттарын қамтитын электрондық жеке куәліктерді (ID-карталарды) пайдалану арқылы жүзеге асырылады.

Мысалы, Норвегияда қашықтан электронды дауыс беру жүйесін 2008 жылдан бері жасауға талпынып келеді. Оны алғаш рет 2011 жылы парламенттік сайлауда қолданды. Ал 2013 жылы тәжірибе ретінде мерзімінен бұрын дауыс беру кезеңінде сайлаушылардың бір тобына интернет арқылы дауыс беруге рұқсат етілді. Бірақ бұл жүйе сайлауда әлі толық көлемде пайдаланылған жоқ. Өйткені дауыс беру құпиясын қамтамасыз ету, сондай-ақ сыртқы және ішкі қауіптерден қорғау мәселелері шешілмей отыр.

Швейцария 10 жыл бойы қашықтан электронды дауыс беру жүйесін әзірледі. Бірақ әлі мұндай жүйені кеңінен қолдану туралы шешім қабылдаған жоқ. 2019 жылы Швейцария поштасы хакерлер арасында байқау жариялап, дауыс

беру жүйесіндегі кемшілікті табуды сұраған еді. Көп ұзамай-ақ хакерлер кемшіліктерін тауып берді. Бұл дауыс беру нәтижесіне айтарлықтай ықпал етуге болатын кемшіліктер еді. Осыдан кейін жоба тоқтатылды. Ал 2020 жылдың соңында Швейцария үкіметі жүйені сынақтан өткізуді қайта бастауды жоспарлағанын жариялады.

АҚШ-тың бірнеше штатында онлайн дауыс беру жүйесі қолданылады. 2020 жылдың 3 қарашасында Америка Құрама Штаттарында президенттік сайлау кезінде смартфондағы блокчейн жүйесін пайдалана отырып, кандидаттарға дауыс беруге мүмкіндік туды.

Fox News арнасының хабарлауынша, АҚШ президентінің жалпы сайлауында Voatz блокчейн сервисінің көмегімен алғаш рет дауыс берілді, америкалықтардың өздері жасаған бұл сервис смартфон арқылы жұмыс жасайды.

Францияда қашықтан электронды дауыс беру жүйесін шетелде тұратын сайлаушылар пайдалана алады. Заң шығарушы органдардың сайлауында осылайша дауыс беруге болады. Бірақ бұл әдіс басқа сайлауларға (президенттік, еуропалық, референдум) қолданылмайды. Францияда онлайн дауыс беру бес күн бойы жүреді. Шетелде тұратын француздар, сондай-ақ консулдық өкілдер үшін онлайн дауыс беру платформасы 2020 жылдың 15 қаңтарында бекітілді.

Көп күндік дауыс беру бірқатар елде, атап айтқанда Италияда, Норвегияда, Швецияда және АҚШ-та қабылданған. Жаңа Зеландияда мемлекеттік туға қатысты референдум 44 күнге созылды. Үндістанда парламенттік сайлау бірнеше кезең болады. Соның шеңберінде әртүрлі штаттар

дауыс береді. Олардың әрқайсысы 1 күннен 9 күнге дейін созылады.

Көп күндік дауыс беру тәжірибесі АҚШ пен Батыс Еуропадағы сайлау кезінде тиімділігін көрсетті, әдістің қолданылып келе жатқанына бірнеше жылдан асты. Бұл АҚШ-та кең таралған тәжірибе. Штатқа байланысты мұндай дауыс беру 4 күннен 45 күнге дейін созылуы мүмкін. Көп күндік дауыс берудің тағы бір түрі АҚШ-та кеңінен қолданылатын «пошта арқылы дауыс беру» деп аталады.

Батыс Еуропа елдерінде бұл тәжірибе де кеңінен таралған. Мысалы, Ұлыбританияда, Францияда, Германияда, Швецияда және т.б. елдерде бар. Мысалы, Швецияда азаматтар негізгі сайлау күніне дейінгі 18 күн ішінде дауыс беруге құқылы.

Көп күндік дауыс беру кезінде бұрмалану қаупі жоғары емес, дегенмен нәтижелер бұрмаланды деп жиі сынға алынады. Бұл негізінен халқы көп елдерде, соның ішінде Бангладеш, Вьетнам, Үндістан, Индонезия және Ресейде қолданылады.

Еуропада **мерзімінен бұрын дауыс беру** бойынша көшбасшы – Швейцария. Аталған елде 10 сайлаушының 9-ы негізгі дауыс беру күніне дейін таңдауын жасайды. Корея Республикасында 2020 жылғы сәуірде өткен ұлттық парламенттік сайлауда мерзімінен бұрын дауыс беру ұсынылды. Пошта арқылы дауыс берумен қатар елдегі 44 млн сайлаушының төрттен бірінен астамы мерзімінен бұрын дауыс берді. Бұл мерзімінен бұрын дауыс берушілердің рекордтық көрсеткіші. Осылайша, 1992 жылдан кейін (71,9%) алғаш рет сайлауға қатысқандардың рекордтық көрсеткіші тіркелді (66,2%).

Сайлау қорларына арналған қайырымдылықтың шекті мөлшері: әлемдік тәжірибе

ҚР Президенті Қ.К. Тоқаев:

«... жеке тұлғалардың сайлау барысына ықпалын болдырмау үшін сайлау қорларына арналған қайырымдылықтың шекті мөлшерін белгілеу қажет».

Сайлау қорының мөлшерін айқындайтын өлшемдер мен ережелер сайлау науқандарын қаржыландырудағы құқықтық реттеудің негізгі мәселелерінің бірі.

Мұның қайырымдылыққа тыйым салудан айырмашылығы, қайырымдылықтың шекті деңгейлері тікелей мүдделі топтардың нақты түрлеріне бағытталмайды. Оның орнына, негізгі басымдық кез келген жеке донордың қандай да бір саяси партияға немесе кандидатқа, сондай-ақ уақыт өте келе тұтастай саяси процеске тигізетін әсерін шектеуге бағытталады.

Кейбір елдер саяси партиялардың пайдасына қарай қайырымдылықты шектесе (сайлау науқандарын қаржыландырудың жылдық лимитін және/немесе шекті деңгейін белгілеу арқылы), басқа мемлекеттер кандидаттардың пайдасына орай қайырымалдыққа шектеулер қояды.

Еуропа Кеңесі министрлер комитетінің ұсынысына сәйкес мемлекеттер қайырымдылық лимиттерін белгілеу қажет. Бұл ретте Еуропа елдері саяси партиялардың немесе кандидаттардың пайдасына қарай донорлардың талабына сәйкес келетін қайырымдылықтың салыстырмалы түрде жоғары деңгейін белгіледі.

Солтүстік, Батыс және Оңтүстік Еуропа елдеріндегі саяси партиялардың пайдасына бағытталған қайырымалдықтың жылдық лимиттері*

	Бельгия	Кипр	Финляндия	Франция	Греция	Исландия	Ирландия**	Португалия	Испания
Еуро	(€ 4,700)	8,000 (€11,000)	30,000 (€ 32,000)	7,500 (€ 8,900)	15,000 (\$ 20,000)	2,800 (€ 20)	2,500 (€ 2,800)	10,650 (€ 15,000)	100,000 (€ 135,000)
Ақпарат көзі: Халықаралық демократия және сайлауға жәрдемдесу институтының саяси қызметті қаржыландыру бойынша деректер базасы									
*Тек жеке тұлғалардың қайырымдылықтары									
**2012 жылғы саяси қызметті қаржыландыру реформасына сәйкес									

Әдетте, Солтүстік, Батыс және Оңтүстік Еуропа елдерінде қайырымдылық лимиттер сайлау науқандарын өткізуге байланысты немесе жылдық негізге орай партиялардың пайдасына белгіленеді. Бұл елдердің шамамен үштен бірі кандидаттардың біріне ғана берілуі мүмкін соманы шектеп тастайды. Оңтүстік Еуропа елдерінде қайырымдылық лимиттер аталған өңірдің солтүстік және батыс аймақтарына қарағанда кең таралған.

Шығыс, Орталық және Оңтүстік-Шығыс Еуропа мен Орталық Азияның көптеген елінде қайырымдылықтың жоғары мөлшердегі деңгейі қолданылады. Бұл лимиттер жеке қайырымдылықтың мөлшері мен уақыт шеңберіндегі қайырымалдықтар, сондай-ақ олардың алушыларына байланысты ерекшеленеді. Әдетте, мемлекеттік қаржыландырудың айтарлықтай көлемінен тәуелсіз елдер корпоративті қайырымдылыққа сүйенеді, ал керісінше мемлекет тарапынан ауқымды қаржыландыру тетіктері енгізілген елдерде қайырымдылық саласында қатаң шектеулер қойылады.

Украинада мемлекеттік қаржыландыру туралы заңнама 2015 жылы өзгертіліп, мемлекеттік қаржыландыру туралы жаңа ереже күшіне енді. Алайда бұл елде қайырымдылық мөлшерінің шектеу мөлшері өте жоғары. Украиналық жеке

тұлға бір жылда кез келген партияның пайдасына (2016 жылы шамамен 1 450 Украин гривнасы) ең төменгі айлық жалақының 400-ге еселенген сомасын қайырымдылыққа жұмсай алады (бұл тұтастай алғанда 73 100 халық. долл. – І\$ құрайды), ал заңды тұлғаның бір жылда партияның пайдасына аударатын ең төменгі айлық жалақысы 800-ге еседен аспауы тиіс (бұл тұтастай 146 170 халық. долл. - І\$ құрайды).

Америка Құрама Штаттарында балама санды мәндер жылына 5000 және 2600 мың АҚШ (USD) долларын құрайды, бұл тиісінше төрт және екі еселенген ең төменгі еңбек ақы мөлшеріне пара-пар. Бұл орайда АҚШ-пен салыстыру ондағы саяси іс-қимыл комитеттерінің басымдығымен күрделене түсетінін айта кеткен орынды. Олар Құрама Штаттарда көптеген қайырымдылықты аз мөлшерде жасауға мүмкіндік беріп, соңғысы жиынтық мәнде жоғарыда аталған шекті деңгейден едәуір асып түседі.

Жекелеген лимиттердің жарналары

Тек он бір штатта ғана (Алабама, Индиана, Айова, Миссисипи, Небраска, Солтүстік Дакота, Орегон, Пенсильвания, Техас, Юта және Вирджиния) жекелеген донорлардың жарналарына шектеулер қойылмайды. Қалған 39 штат кез келген адамның мемлекеттік науқанға аударатын ақша мөлшерін шектеп тастаған. Бұл шектеулер, әдетте үміткердің көздеп жүрген лауазымды орнына байланысты. Мысалы, Коннектикут штатының сенат сайлауына қатысатын үміткердің жеке шығындары 1000 доллардан және штаттың өкілдер палатасындағы орынға үмітті адамның шығыны 250 доллардан аспауы тиіс.

2019-2020 жылдардағы сайлау циклінің мәліметтерінің негізінде бұл диаграммада әр штаттағы жарналар лимиттерінің кең ауқымы көрсетілген:

	Governor	State Senate	State House
National Average	\$6,126	\$2,947	\$2,539
National Median	\$4,000	\$2,000	\$1,600
Highest Limit	\$47,100 (New York)	\$13,292 (Ohio)	\$13,292 (Ohio)
Lowest Limit	\$500 (Alaska)	\$180 (Montana)	\$180 (Montana)

<https://www.ncsl.org/research/elections-and-campaigns/campaign-contribution-limits-overview.aspx>

Қатысушы мемлекеттің жарналар бойынша шекті мөлшерлері

19 штаттағы өңірлік партия комитеттеріне үміткердің науқанына ақша аударуға ешқандай да шектеулер қойылмайды. Атап айтқанда, Иллинойс, Канзас, Нью-Джерси және Нью-Йоркте, егер де үміткер белгілі бір талаптарға сәйкес келсе, мысалы сайлауға қарсылық танытпай қатысса немесе белгілі бір шығындар лимитіне келісім берсе, онда штат партияларына шексіз мөлшерде қаражат бөлуге мүмкіндік беріледі. Қалған 27 штатта саяси топтар екі жаққа бөлінгендіктен партиялардың қаражатына байланысты белгілі бір шектеулері бар. Джорджия, Гавайи, Мэн, Мэриленд, Невада, Нью-Мексико және Батыс Вирджиния тараптардан жеке тұлғалар үшін белгіленген шектеулі жарнаны

барлығына бірдей сақтауды талап етеді. Қалған 20 штат саяси партияларға жекелеген шектеулерді белгілеген.

Корпорациялардың жарналарын шектеу

22 штатта корпорацияларға саяси науқандарға қатысуға толықтай тыйым салынған. Тағы 5 өңірде – Алабама, Небраска, Орегон, Юта және Вирджинияда – корпорацияларға мемлекеттік науқандарға шексіз мөлшерде ақша салуға рұқсат берілген. Қалған 23 штаттың 19-ында корпоративті жарналарға белгіленген шектеулер жеке жарналардың шекті сомасымен бірдей. Қалған 4 штатта шектеулер өзге түрлері енгізілген.

Осында қамтылған елдердің көпшілігінде саяси партиялардың немесе үміткерлердің пайдасына арналған корпоративті қайырымдылыққа шектеу жоқ. Тек Болгария, Польша және Ресейде өз ерекшеліктері бар. Кейбір елдерде үміткердің немесе партиялардың пайдасына қатысты корпоративті қайырымдылыққа ішінара тыйым салынады, бірақ мұндай шектеулер бір-біріне қарама-қайшы, өйткені олар ақшаны бір актор арқылы келесіне бағыттау үшін мүмкіндіктер берілген. Әзірбайжан мен Ресейде корпорацияларға кандидаттардың пайдасына қайырымдылық жасауға рұқсат берілгенімен партияларға дәл мұндай көмек көрсете алмайды. Армения, Өзбекстан және Украинада жағдай керісінше. Атап айтқанда, Армениядағы корпорациялар партияларға қайырымдылық жасауға құқылы болғанымен сайлау науқанында партияларға да, кандидаттарға да шынайы түрде қайырымдылық жасауға хақы жоқ.

Әлеуметтік желілердегі үгіт-насихат: әлемдік тәжірибе

ҚР Президенті Қ.К. Тоқаев:

«Коммуникациялық технологиялардың қарқынды дамыған заманында үміткерлер мен партиялардың әлеуметтік желілердегі белсенділігі үлкен маңызға ие. Бірақ қолданыстағы заңнамада әлеуметтік желілердегі үгіт-насихат тәртібі белгіленбеген. Осыған қарамастан, сайлау науқандарының барысында оның қандай да бір жолмен жүргізілгені рас. Бұл олқылықты жою үшін тиісті регламенттер мен ережелерді бекітіп, әлеуметтік желілердегі үгіт-насихатқа нормативті түрде рұқсат беруді ұсынамын».

Қазақстанда әлеуметтік желілерді пайдаланатындардың саны 14 млн-ға жуық (жалпы халықтың 72%-дан астамы, сәбилерді қоса алғанда). Carior талдауы Қазақстанда әлеуметтік желілерді пайдаланушылар саны 2021-2022 жылдар аралығындағы кезеңде 1,8 миллионға (+15,0 пайызға) артқанын көрсетіп отыр. Datareportal мәліметі бойынша еліміздегі ең танымал әлеуметтік желі – Instagram (11,75 миллион қолданушы немесе жалпы халықтың 61,5%) саналады.

Бүгінде бұқаралық ақпарат құралдарының, интернет-технологиялардың, материал берудің жаңа әдістердің және тағы да басқа тетіктердің қарқынды дамуымен сайлау технологиялары да дамудың жаңа серпініне ие болып жатыр. Олар көбінесе ғаламтор кеңістігіне ойысып келеді, сондай-ақ ақпараттық қолдау мен үгіт-насихаттың дәстүрлі әдіс-

тері де өзгеріске ұшырауда. Қазақстанның қолданыстағы заңнамасында әлеуметтік желілердегі үгіт-насихат тәртібі реттелмеген.

Бірқатар мемлекеттерде Интернет желісінде сайлау алдындағы үгіт-насихатты жүргізу (цифрлы сайлау алдындағы үгіт-насихат) белгілі бір түрде құқықтық реттеледі. Басқа елдерде керісінше, мұндай реттеуден тыс қалған немесе сегменттер бойынша ғана жолға қойылған. Оның ішінде оңтайландырылған режимді (мысалы, Бельгия, Болгария, Греция, Грузия, Исландия, Италия, Норвегия, АҚШ, Черногория, Швейцария) айтуға болады.

Мәселен, Бельгияда интернетте сайлау алдындағы үгіт-насихатты жүргізуге байланысты заң аясындағы шектеу 2015 жылы жойылды.

Осы ретте бірқатар мемлекеттерде заңнамалық немесе өзге де ұйымдық-құқықтық тәсілмен анонимдік қағидатынан үгіт-насихат материалы субъектісін сәйкестендіру принципіне ауысып жатыр. Оның ішінде цифрлы үгіт-насихат материалдарына ерекше назар аударылады, бұл кінәлілерге тиісті ықпал ету шараларын қолдануға мүмкіндік береді. Оның ішіне сайлау мандатын жарамсыз деп тану да кіреді.

Бірқатар мемлекеттерде:

▶ Интернет туралы және цифрлы сайлау алдындағы үгіт-насихатты жүргізу, ақпараттық заңнаманы бұзғаны үшін жауапқа тартуға байланысты заңнамалық актілер қабылданды (мысалы, Канада, Латвия, Жаңа Зеландия, Түркия, Франция, ГФР);

▶ Интернет желісінде сайлау алдындағы үгіт-насихатты жүргізуде, оның ішінде сайлау заңнамасын бұзғаны үшін жауапқа тарту мәселелерінде (мысалы, Молдова, Польша,

Португалия, Швеция) оларды дәстүрлі бұқаралық ақпарат құралдарына теңестіру жүзеге асырылады;

▶ Интернет-провайдерлерді аккредиттеудің арнайы рәсімі көзделеді (мысалы, Дания, Қырғызстан);

▶ Интернет желісінде орналастырылатын үгіт-насихат материалына немесе әлеуметтік желілерде жарияланатын осындай материалдардың белгілі бір түрлеріне оларды дайындап, орналастыратын субъектінің анонимдік принципінен бас тарту арқылы қойылатын талаптардың тізбесі заңнамалық түрде бекітіледі (мысалы, Аустралия, Ұлыбритания, Жапония);

▶ сайлауға қатысушылардың сайлау алдындағы үгіт-насихатты Интернет желісінде ақылы түрде (мысалы, Бельгия, Чехия) өткізуге заң аясында тыйым салынады немесе керісінше, оны өткізуге рұқсат (мысалы, Солтүстік Македония Республикасы) етіледі;

▶ үгіт сипатындағы тиісті ақпаратты алып тастау міндеті қарастырылады (мысалы, Бразилия, Испания, ГФР);

▶ мемлекеттік биліктің атқарушы органдарына немесе өзге де мамандандырылған мемлекеттік органдарға интернет желісіндегі бұқаралық ақпарат құралдарының жаңалықтар сайттарындағы құқық бұзушылыққа байланысты, оның ішінде сайлау алдындағы үгіт-насихатты жүргізу кезінде (мысалы, Әзербайжан, Қазақстан) оларды сотқа жүгінбей-ақ бұғаттауға құқық беріледі;

▶ сайлау науқаны барысында белгілі бір кезеңге (мысалы, Черногория) ел аумағындағы интернет-ресурстардың жұмысын тоқтату жүзеге асырылады;

▶ Интернет желісінде сайлауалды жала жапқаны үшін, сондай-ақ сайлау алдындағы үгіт-насихатты жүргізу

тәртібін, оның ішінде әлеуметтік желілердегі (мысалы, Грузия, Моңғолия) заң бұзушылық үшін қылмыстық немесе әкімшілік жауапкершілік қарастырылады;

▶ құқыққа қарсы үгіт-насихат қызметінің алдын алу бойынша «BigTech» (Facebook, Twitter, Google) өкілдерінің бастамашыл модельдері (мысалы, Facebook-тің Ұлыбританиядағы, Ирландиядағы, Қырғызстандағы, АҚШ-тағы өңірлік өкілдігі).

Қазақстандағы Аумақтық сайлау комиссиялары

ҚР Президенті Қ.К. Тоқаев:

«Аумақтық сайлау комиссиялары қызметінің қағидаларын кәсіби негізге көшіре отырып, оларды қайта қараған жөн».

▶ Облыстық (республикалық маңызы бар қалалардың және республика астанасының), аудандық, қалалық, қаладағы аудандық сайлау комиссиялары аумақтық сайлау комиссиялары болып табылады.

Аумақтық сайлау комиссиялары:

- Президент, Парламент және мәслихаттар депутаттарының, аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің, өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдары мүшелерінің сайлауын ұйымдастыруды және өткізуді қамтамасыз етеді;

- 7 мүшеден құралған.

▶ Президент сайлауы, Парламент және мәслихат депутаттарының және аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің сайлауы жөніндегі аумақтық сайлау комиссияларының құрамы сайлау тағайындалғаннан немесе хабарланғаннан кейін – он күннен, ал өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдары мүшелерін сайлау жөніндегі аумақтық сайлау комиссияларының құрамы жеті күннен кешіктірілмей бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады.

Аумақтық сайлау комиссиялары

- Әрбір облыста/қалада жұмыс істейді.
- 7 адамнан тұрады. Мүшелерді саяси партиялардың ұсынысы негізінде мәслихаттар сайлайды.
- ОСК-ға бағынады.

АСК-нің өкілеттіктері «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» 1995 жылғы 28 қыркүйектегі № 2464 ҚР Конституциялық Заңының 14-бабымен реттеледі, оған 06.05.1999 ж. № 375; 14.04.2004 ж. № 545; 19.06.2007 ж. № 268; 09.02.2009 № 124-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 15.06.2017 ж. № 75-VI; 29.06.2018 ж. № 162-VI; 24.05.2021 ж. № 41-VII ҚР Конституциялық заңдармен енгізілген өзгерістер де жатады.

Қазақстанда Батыс Еуропа елдерімен салыстырғанда сайлауды атқарушы билік емес, өз құзыреті шегінде дербес және тәуелсіз сайлау органдары (комиссиялары) өткізу стандарттары қалыптасты. Бұл модельді демократиялық принциптерге сәйкес дамыту және жетілдіру маңызды.

Әділ және еркін сайлаудың кепілдігі үшін Қазақстанда барлық деңгейдегі кәсіби және ашық жұмыс істейтін сайлау комиссияларын қалыптастыру рәсімін реформалау қажет.


Азаматтардың сайлау процесіне сенімін арттыру үшін дауыс беруді өткізудің барлық рәсімдерін нақты сипаттау, сайлау қорытындыларын шығару, барлық деңгейдегі сайлау комиссиялары тарапынан ашық қолжетімділікте және сайтта комиссиялардың хаттамаларын, аумақтық және учаскелік комиссиялар құрамындағы партиялық өкілдік туралы ақпаратты жариялау міндеттемесін қарау қажет.

Аумақтық сайлау комиссияларының жұмысы: әлемдік тәжірибе

Шет елдерде сайлауды ұйымдастырудың әртүрлі тәсілдері қолданылады. АҚШ пен Батыс Еуропада сайлауды ұйымдастыру атқарушы билікке жүктелген, мысалы, Франция мен Италиядағы ішкі істер министрліктері, Италиядағы соттар және т.б. Алайда, әлемнің көптеген елдерінде сайлауды дайындау мен өткізуді арнайы кәсіби сайлау органдары жүзеге асырады. Шығыс Еуропа елдерінде және бұрынғы одақтас республикаларда сайлауды ұйымдастыру тәуелсіз сайлау комиссияларына жүктелген.

Италияда мемлекеттік биліктің екі тармағына – сот және атқарушы органдарға кіретін сайлау органдарының жүйесі жұмыс істейді және бұл жүйені атқарушы билік органы – Италияның ішкі істер министрлігі басқарады. Сонымен қатар, Италия Республикасында сайлау органдарының қызметі Республика Президентінің көптеген Жарлықтарымен реттеледі.

Италияның сайлау органдарының жүйесі



Испанияның сайлау органдарының жүйесі Франция мен Италиядағы жүйеге қарағанда қазақстандық жүйемен көбірек ұқсас. Алайда Испанияда сайлауды ұйымдастыру, өткізу және бақылау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын басқа органдармен бірыңғай жүйеге кірмейтін органдар сайлау органдары ретінде әрекет етеді. Бұл жағдай Испания мен Францияның сайлау органдарын ұйымдастырудың ұқсастығын көрсетеді (тек бірыңғай жүйеге кірмейтін органдардың болуы бөлігінде).

Сайлау жиналыстары қызметінің құқықтық негізін Испанияның 1985 жылғы 19 маусымдағы No5/1985 «Жалпыға бірдей сайлау (электорат) режимі туралы» Органикалық (конституциялық) заңы, әсіресе «Сайлау әкімшілігі» атты III тарау құрайды.

Испанияның сайлау әкімшілігінің органдары



Провинцияның сайлау жиналысы (испанша La Junta Electoral Provincial) тұрақты орган емес және тек тиісті деңгейдегі сайлауды өткізуге шақырылады. Оның құрамына жиналыстың 5 мүшесі кіреді, олардың 3-еуі осы соттың судьяларының Жалпы кеңесі тағайындаған тиісті провинциялық соттың магистрлері (заңгерлері); және 2-уі – тиісті провинцияда жұмыс істейтін және тұратын профессорлар мен заң, саясаттану және әлеуметтану бойынша еңбек сіңірген оқытушылар немесе жоғары білікті заңгерлердің арасынан таңдалғандар. Оны Орталық сайлау жиналысы тағайындайды. Жиналыс мүшелерінің арасында сессия кезеңінде оның президенті сайланады. Провинциялық сайлау учаскелерінің саны сайлау округтерінің санына сәйкес келеді (50 округ).


Провинциялық сайлау комиссияларына Қазақстандағы АСК сияқты өкілеттіктер жүктелген.

Аймақтық сайлау жиналыстары (la Junta Electoral de Zona) муниципалды сайлау үшін құрылады.

Германия Федеративтік Республикасындағы және Қазақстандағы сайлау органдарының жүйелері барынша ұқсас дәрежеге ие: сайлау органдарының бірыңғай орталықтандырылған жүйесінің болуы, органдар құрылымдарының ұқсастығы, жалпы сайлауды және сайлау органдарының қызметін, атап айтқанда сайлау туралы арнайы заңмен реттеу.

Германияда сайлау тәртібі, сондай-ақ сайлау органдарының жүйесі 1993 жылғы 23 шілдедегі Федералды сайлау туралы заңмен реттеледі – *Bundeswahlgesetz*.

Германия Федеративті Республикасының сайлау органдары



Кадомцева Е. А. Избирательные органы зарубежных стран: сравнительно-правовой аспект // Научно-методический электронный журнал «Концепт». – 2017. – Т. 39. – С. 2316–2320. – URL: <http://e-koncept.ru/2017/970790.htm>.

Сайлау заңнамасы мен жүйесін реформалауда және демократияландыруда Өзбекстан Республикасының тәжірибесі қызық. 2019 жылдан бері оларда сайлау жүйесі біртіндеп модернизацияланып келеді. 2021 жылдың ақпанында Орталық сайлау комиссиясының басшылығы және барлық деңгейдегі сайлау комиссиялары – **сайлау ұйымдастырушылардың барлық жүйесінің тәуелсіздігін әрі қарайғы нығайтуға бағытталған заңнамалық актіге тиісті өзгертулер мен толықтырулар енгізілді.**

Осы мақсатта:

- ▶ ОСК және сайлау комиссиялары мүшелерінің мәртебесі заңмен бекітілді,
- ▶ Сайлау комиссияларының сайлауды ұйымдастырушылар үшін әдеттен тыс, кандидаттардың сайлаушылармен кездесуін ұйымдастыру жөніндегі міндеттері жойылды;
- ▶ Сайлау комиссияларының жүйесі оптимизацияланды – аудандық (қалалық) Кенгашиға сайлау өткізетін округтік сайлау комиссияларының институты жойылды. Оптимизация нәтижесінде 5739 қажетсіз округтік сайлау комиссиялары таратылды, айтарлықтай адами ресурс (54 мыңнан астам адам) босады.

Осылайша, сайлау комиссияларының бүкіл мемлекеттік органдардан тәуелсіз болуы үшін барлық құқықтық жағдайлар жасалды.

Реформалар сондай-ақ өкілеттіктерді одан әрі бөлуді және құрылтайшы (Орталық сайлау комиссиясы басқара-

тын сайлау комиссиялары жүйесі) мен биліктің сот тармақтары арасындағы тежеу мен тепе-теңдік қағидатын күшейтуді көрсетеді.

Енгізілген өзгерістер мен толықтырулар, ең алдымен, учаскелік сайлау комиссияларының өздері қабылдаған шешімдер үшін дербестігі мен жауапкершілігін күшейтуді, сонымен бір мезгілде азаматтардың, сайлау процесіне өзге де қатысушылардың сайлау комиссияларының іс-қимылы және олар қабылдаған шешімдер мәселелері бойынша өтініштері мен шағымдарын қараудағы соттардың рөлін арттыруды көздейді.

3.4 ПАРТИЯЛЫҚ ЖҮЙЕНІҢ ДАМУЫ

ҚР Президенті Қ.К. Тоқаев:

«Жаңа Қазақстанды құру әділ әрі еркін саяси бәсекені қамтамасыз ету қажеттілігінен туындады. Бұл үшін біз партиялардың институционалдық және ұйымдастырушылық дамуы үшін барынша қолайлы орта құруға тиіспіз. Партияларды тіркеу процедурасы біршама жеңілдетіледі».

Жаңа партияларды тіркеу тәртібі: әлемдік тәжірибе

Халықаралық тәжірибеге зер салар болсақ, мәселен **Эстонияда** құрамында 500 адамнан кем емес мүшесі¹ бар саяси партия тіркеле алады.

Португалияда партияларды тіркеу туралы петицияға жынысы, ұлты немесе терісінің түсіне қарамастан 18 жастан асқан адамдардың кемінде 5 мың қолын жинау қажет.

Швецияда партия құру үшін дауыс беру құқығына ие азаматтардың 1,5 мың қолы талап етіледі.

Швецияда тіркеу партияның өз атауын пайдалану айрықша құқығына кепілдік береді.

Партияны ресми тіркеу үшін жақтастардың белгілі бір сандық квоталары арнайы заңдармен белгіленген:

¹ Бұрын 1000 мүше болуы қажет еді

- ▶ Словакия - 10 000 адам;
- ▶ Польша – 1 000 адам;
- ▶ Тәжікстан – 1 000 адам;
- ▶ Болгария – 500 адам;
- ▶ Румыния – 251 адам;
- ▶ Словения - 200 адам;
- ▶ Канада – 100 адам;
- ▶ Венгрия – 10 адам.

34 миллионнан астам адам тұратын **Өзбекстанда**, бұл Қазақстандағы халық санынан айтарлықтай көп (18 миллионнан астам), партияны тіркеу үшін Қарақалпақстан республикасы мен Ташкент қаласын қоса алғанда, кемінде сегіз аумақтық субъектіде (облыстарда) тұратын және партияға бірігуге ниет білдірген азаматтардың кемінде 20 мың қолы талап етіледі.

Саяси партияны құрудың бастамашылары партияның құрылтай құжаттарын дайындау, оның құрамын қалыптастыру және құрылтай съезін немесе конференциясын шақыру үшін кемінде елу адамнан тұратын ұйымдастыру комитетін құруға міндетті.

Партиялық ландшафтты ырықтандыру саясатының реттілігі:

▶ «Саяси партиялар туралы» **2002** жылғы заң бойынша 50 мыңдық тіркеу нормасы қарастырылды, облыстық филиалдар саны барлық облыста 700 адамнан кем болмауы тиіс болды;

▶ **2008** жылғы «Саяси партиялар туралы» заң партия жақтастарының санын 50 мыңнан 40 мың адамға дейін, ал

өңірлік шектеу – 700-ден 600 адамға дейін төмендетуді қарастырды;

▶ Президент Қ.К. Тоқаевтың саяси бастамасы аясында **2019** жылдың желтоқсанында тіркеу барьері 40 мыңнан 20 мың адамға дейін төмендетілді.

Президент Қ.К. Тоқаевтың Қазақстан халқына арнаған Жолдауы аясында **2022** жылдан бастап жаңа партиялар құру үшін ұйымдастырушылық барьерлерді жеңілдету қарастырылуда.

	Бұрын	Қазір
Тіркеу барьері	20 мың адам	5 мың адам
Өңірлік өкілдіктердің шектік саны	600 адам	200 адам
Партия құру бойынша бастамашылық топтың шектік саны	1000 адам	700 адам

3.5 ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ИНСТИТУТТАРЫ

ҚР Президенті Қ.К. Тоқаев:

«Қазақстанда әртүрлі құқықтық нормаларды түсіндіруді Конституциялық кеңес жүзеге асырады. Алайда, азаматтар түсініктеме алу үшін онымен тікелей байланысу мүмкіндігінен айырылған. Осы жағдайды ескере отырып Конституциялық сотты құруды ұсынамын. Бас прокурор мен Адам құқықтары жөніндегі уәкілге де Конституциялық сотқа шағымдану құқығын беру керек».

Конституциялық соттар: мәні

Тәуелсіз сот жүйесі мен заң үстемдігі – бейбіт және демократиялық қоғамның ірге тасы. Заң үстемдігі демократияның кепілі болып табылады және оны қорғау үшін тәуелсіз, бейтарап және құзыретті сот жүйесіне сүйенеді. Конституциялық сот төрелігін жүзеге асыру органдарының тиімді жұмыс істеуі құқықтық мемлекеттің кейбір іргелі элементтерін жүзеге асырудың кепілі болып саналады. Конституциялық соттар **конституциялық нормалардың үстемдігін қамтамасыз етуде** және халықаралық-құқықтық міндеттемелерді, оның ішінде адам құқықтары жөніндегі міндеттемелерді орындауда маңызды рөл атқарады.

Барлық адамдардың құқықтарын қорғау үшін халықаралық-құқықтық міндеттемелер, соның ішінде ұлттық заңнамаға енгізілген міндеттемелер толығымен орындалуы керек.

Конституциялық соттар да мемлекеттік биліктің атқарушы билік, өкілді парламент және тәуелсіз сот арасында бөлінуін қамтамасыз ететін **тежемелік және тепе-теңдік жүйесінің** құрамдас бөлігі. Конституциялық соттар **биліктің атқарушы және заң шығарушы тармақтары арасындағы биліктің шекарасын түсіндіруге және нақтылауға, мемлекеттік органдардың есеп беруін қамтамасыз етуге және конституциялық құрылыстың тұрақтылығына ықпал етуге** қабілетті.

Конституцияның кепілі ретінде конституциялық соттар барлық мемлекеттік органдардың актілерінің конституцияға сәйкестігін шешуде **соңғы шешімді** өздерінде қалдырады. Құқық үстемдігі қағидаты атқарушы биліктің де, заң шығарушы биліктің де заңнан жоғары болмауын қамтамасыз ету үшін конституциялық соттардың мемлекеттік билік органдарына қатысты шешімдерін тиімді орындауды талап етеді.

Конституциялық соттар өз шешімдерінде тиісті органдарды жазаламай, қабылдануы конституцияға қайшы келетін саяси шешімдерді көрсетуі керек.

Қазақстан Республикасының Конституциялық соты (1995 жылға дейін жұмыс істеді.) – Қазақстан Республикасының бұрынғы алқалық конституциялық бақылау ор-

ганы 11 адамнан тұрды. Құрамына төраға және он судья кірді.

Конституциялық соттың тұңғыш және жалғыз төрағасы ҚР Ұлттық ғылым академиясының академигі Баймаханов Мұрат Тәжімұратұлы болды.

Тарихы:

1

1989 жылы Қазақстанда конституциялық қадағалау институтын құруға алғашқы талпыныс жасалды. Сол кезде 1978 жылғы Қазақ КСР Конституциясына Конституциялық қадағалау комитетін құруды көздейтін өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Бірақ, ол ешқашан құрылған емес. Конституциялық қадағалау органы мемлекет егемендік алғаннан кейін ғана пайда болды.

2

1991 жылғы 16 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» конституциялық заңы негізінде Конституцияны сот арқылы қорғаудың органы ретінде Қазақстан Республикасының Конституциялық соты бекітілді. «Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты туралы» (1992 жылы 6 маусым) және «Конституциялық сот өндірісі туралы» заң қабылданғаннан соң, төрағасы мен Конституциялық соттың он судьясы сайланғаннан кейін, 1992 жылдан бастап сот жұмыс істей бастады.

Соттың назар аударарлық шешімдерінің бірі сайлау округтерінің біркелкі бөлінбеуі туралы жеке шағым

негізінде парламенттік сайлауды заңсыз деп тану туралы шешім болды. Бұл Президент Назарбаевтың Жоғары Кеңесті таратуына алып келді.

3

1995 жылғы 30 тамызда қабылданған Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясына сәйкес жаңа конституциялық қадағалау органы – Конституциялық кеңес құрылды, соған байланысты Қазақстан Республикасының Конституциялық соты 1995 жылдың соңында өз қызметін тоқтатты.

Конституциялық соттың өкілеттігі

Заңға сәйкес Қазақстан Республикасының Конституциялық соты қолданыстағы мынадай актілердің ҚР Конституциясына сәйкестігі туралы талап арыздарды қарады:

- ▶ Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі қабылдаған заңдар мен қаулылар;
- ▶ Қазақстан Республикасы Президентінің Жарғылары, өкімдері мен қаулылары;
- ▶ Қазақстан Республикасы Министрлері кабинетінің қаулылары;
- ▶ Қазақстан Республикасының министрліктері мен ведомстволарының және мемлекеттік комитеттерінің нормативтік актілері;
- ▶ Қазақстан Республикасы Бас прокуроры қабылдаған нормативтік сипаттағы актілері;
- ▶ Қазақстан Республикасы Жоғарғы соты мен Қазақстан Республикасы Жоғарғы арбитраждық соты басшылығының түсіндірмелері;

- ▶ Қазақстан Республикасының әлі күшіне ене қоймаған халықаралық келісімдері мен міндеттері;
- ▶ Азаматтардың конституциялық құқықтарын қозғайтын құқық қолдану практикасының конституцияға сәйкестігі туралы істер.

Жоғары сот кеңесінің конкурстық процедураларын онлайн-трансляциялау тәжірибесі

ҚР Президенті Қ.К. Тоқаев:

«Кадр іріктеудің жаңа жүйесі енгізіліп, сот үдерісі мен рәсімдерінің ашықтығы біртіндеп арта түсуде. Бұл ретте, Жоғары сот кеңесі маңызды рөл атқарады. Осы құрылым Президенттің соттарды жасақтау жөніндегі конституциялық өкілеттігін қамтамасыз етеді. Сондай-ақ, судьялардың тәуелсіздігіне және оларға ешкімнің қол сұқпауына кепілдік береді. Кеңестің қызметі қоғам үшін толық ашық болуы өте маңызды».

Көптеген елдердің конституциялары мен басқа да заңдарында сан қилы талаптар қарастырылған. Соның ішінде сот лауазымдарына тек **жоғары мамандандырылған кадрлар** тағайындалғаны аса маңызды.

Шет мемлекеттердің тәжірибесінде Жоғарғы сот кеңесінің немесе осыған ұқсас органдардың конкурстық процедуралары **жабық жағдайда** өтеді.

Қазақстан тәжірибесіне конкурстық процедуралардың онлайн-трансляциясын енгізу маңызды мәнге ие. Бірінші

кезекте бұл республика соттарына кадрларды іріктеу кезінде **ашықтық пен айқындықтың** символына айналады. Екіншіден, меритократия қағидаты бойынша тағайындау кепілдігін арттыра түседі. Сонымен қатар олардың жұмысына деген қоғамның сенімін нығайтып, осы бағыттағы жемқорлықтың болу ықтималдылығын төмендетуге мүмкіндік береді.

Жоғарғы сот кеңесінің конкурстық процедураларын онлайн-трансляциялау тәжірибесі **ақпараттың ашық әрі оған еркін қол жеткізу жөніндегі мемлекеттік саясаттын** жалғасы іспетті.

«**Ақпаратқа қол жеткізу туралы**» заңында атап көрсетілген ҚР Парламент Палаталары мен облыстық және Алматы мен Астана қалалары мәслихаттарының отырыстарын, сондай-ақ орталық атқарушы органдардың жылды қорытындылауға арналған алқалы отырыстарын онлайн-трансляциялау жөніндегі норма 2017 жылдың 1 қаңтарынан жұмыс істей бастады.

Алқабилер соты: әлемдік тәжірибе, қазақстандық практика

ҚР Президенті Қ.К. Тоқаев:

«Қазақстанда алқабилер тек аса ауыр қылмыстар бойынша үкім шығара алады. Біз бұл саланы одан әрі дамытып, алқабилердің қарауына берілетін істердің санатын кеңейтеміз».

Алқабилер сотының жұмысы жөніндегі халықаралық тәжірибе

Алқабилер соты – әлемде кеңінен таралған, халықтың ең көп өкілі қатысатын төреліктің бір түрі. Қазіргі таңда алқабилер соты көбіне қылмыстық сот өндірісінде қолданылады, ал азаматтық істерде аз пайдаланылады. Бірақ басқа тенденция да қалыптасып келеді: соңғы онжылдықта сот өндірістерінде бұрын алқабилер сотын қолданған көптеген елдер (Ресей, Венесуэла, Испания және басқа елдер) осы төрелік түрін қайтадан қалпына келтіре бастады. Ал бірсыпыра посткеңестік елдерде (Армения, Қазақстан, Латвия және Украина) алқабилер сотын қолдану жөніндегі заңнамалық база болмаса да оларды әділдікті орнатуға қатыстыру туралы конституциялық норма бекітілген. Алқабилер соты институтын конституцияландыру халық өкілдерінің сот төрелігіне қатысуына қарсылық білдірушілерді райынан қайтаруға кепілдік болады, себебі Конституцияны өзгерту күрделі әрі салмақты рәсімдерді талап етеді. Заң анықтамалықтарында мына сипаттама кеңінен таралған: алқабилер соты (jury) – көптеген мемлекеттерде бір және бірнеше тұрақты соттар мен алқабилерден құралған және осы процестер үшін іріктелген, тағайындалған сот.

Алқабилер сотын қолдану соттар тәуелсіздігінің кепілі, сот процесінде тараптардың шынайылығын қамтамасыз етеді, сотқа дейінгі және сот процесі сатыларында құқын асыра пайдалану, сыбайлас жемқорлық, сотқа белгілі бір сот шешімін қабылдауға ықпал ету секілді тәуекелдерді азайтады.

АҚШ-тың алқабилері азаматтық және қылмыстық істерді қарайды. Сот құрамында бір сот және 12 алқаби бо-

лады. Алқаби АҚШ азаматы болуы шарт және ағылшын тілін жетік білуі, қылмыстық жауапкершілікке тартылмаған болуы тиіс.

АҚШ алқабилері қылмыстық істерді қарау кезінде адамның не кінәлі, не кінәлі емесі екені туралы үкім шығарады. Ал сот жаза тағайындайды. Азаматтық істерде алқабилер жаза тағайындайды – шығынның немесе айыппұл көлемін анықтайды.

Францияда алқабилер тек қылмыстық істерді қарауы мүмкін. Ондай жағдайда сот отырысында төрағалық етуші сот, 2 кәсіби судья, 9 алқаби қатысады. Алқабилер сот отырысында басқарушы соттың «айыпталушы кінәлі ме, кінәлі емес пе?» деген сауалына жауап береді. Францияда алқабилер соттың үкімі бойынша апелляциялық сотқа шағымдана алмайды.

Германияда кейде қылмыстық істерді алқабилер қарай алады. Ондай кезде сот отырысында бір төрағалық етуші судья және екі алқаби отырады.

Сот жүйесін дамытуға күш салған Қазақстан 2007 жылдың өзінде дамыған елдердің тәжірибесін қолданып, алқабилер сотын енгізу арқылы сот төрелігіне халық өкілдерін қосуға бастамашы болды.

Алқабилер соты институтының даму тарихы

Қазақстан аумағында революцияға дейін алқабилер соты сирек қолданылды, өйткені негізінен дәстүрлі халық соты – қарапайым қазақ құқығына негізделген билер соты басым болды. Билер сотының ерекшелігі билерге құқық нормаларын жетік білу және шешендік өнерге жақын болу талап етілді, өйткені, әрбір адам би бола алмайды.

Қазақстандағы жаңа институттың құқықтың регламенті **«Сот жүйесі және судьялардың мәртебесі туралы»** ҚР Конституциялық заңының 1-ші және 25-ші бабындағы «Қазақстан Республикасында сот билігі тұрақты судьялар, сондай-ақ заңда көзделген жағдайларда және тәртіппен қылмыстық сот ісін жүргізуге тартылған алқа заседательдері арқылы соттарға ғана тиесілі. Қазақстан Республикасында сот төрелігін тек сот қана жүзеге асырады» және «Ешкімнің сот төрелігін жүзеге асыру ісіне араласуға және судья мен алқа заседателіне қандай да болмасын ықпал етуге құқығы жоқ» деген нормалармен шектеледі. Бұдан өзге, «Қылмыстық процеске қатысатын адамдарды мемлекеттік қорғау туралы» заңында алқаби заседательдері мемлекеттік қорғауға жататын тұлғалар қатарынан аталады.

2007 жылдан бері заң бойынша өлім үкімі қарастырылған қылмыстар туралы барлық іс 9 алқаби заседателі мен екі кәсіби судьялардың қатысуымен өтеді.

Алқаби заседательдеріне кандидаттар тізімін жергілікті атқарушы органдар жасайды. Заң бойынша олар бастапқы, бірыңғай және қосымша тізімдерді дайындауға міндетті. Тізімді құру үшін жергілікті биліктің сайлаушылар тізімі негізге алынады. Олардың ішінде алқаби кандидаттарына қойылатын талаптарға сай келмейтіндер тізімнен алынып тасталады.

Жұмыстың бастапқы кезеңінде аралас алқа құрамы тоғыз алқаби заседателінен және екі судьядан құралды. 2010 жылы бұл тізімге өзгерістер енгізіліп, судьялардың саны бірге дейін қысқарып, алқабилер саны бір адамға артты.

Бүгінге дейін алқабилердің бұл моделі ешқандай өзгеріссіз жұмыс істеп келді.

Ал **алқабилер соттарын қолдануды шектеу жайына келсек, бұл мәселені Қазақстандағы алқабилер соттарын біртіндеп дамыту сатысында қарастыру қажет.** Он жылдан астам уақыт ішінде алқабилер институты бірнеше өзгерістен өтті.

▶ 2007-2009 жж. Өз қызметінің алғашқы кезеңдерінде алқабилер сотының құзыретіне Қылмыстық кодексте өмір бойы бас бостандығынан айыру немесе өлім жазасы түріндегі жазаларды қарастыру істері кірді.

▶ 2010-2013 жж. Алқабилер қарайтын қылмыстық істердің кеңеюімен ерекшеленді. Осы уақыт аралығында ауыр қылмыс түрлерін қарау алқабилер заседательдерінің құзыретіне берілді.

▶ 2013 – 2015 жж. Алқабилер қарайтын қылмыстық істер бастапқы кезеңдегі деңгейге дейін қысқарды (яғни өмір бойы бас бостандығынан айыру немесе өлім жазасы түріндегі жауапкершілік көзделген қылмыстық істерді қарау).

Алқабилер институтының қазақстанның мемлекеттік саясатындағы рөлі

Қазақстанның заманауи саясаты халықтың әл-ауқатын арттыруға бағытталған, сондай-ақ еліміз әлемнің бәсекеге қабілетті 30 елдің қатарына кіруге талпынып отыр. Осы мақсатқа жету жолында «Қазақстан – 2050», «100 нақты қадам», «Жаңғырту 3.0» және басқа да көптеген бағдарламалар қабылданды. Әлбетте, Қазақстан ең дамыған ел

дердің қатарына қосылу үшін тек экономикалық шаралар мен стратегиялар қабылдау жеткіліксіз. Дамыған елдердің қатарынан көріну үшін азаматтардың сот төрелігі жүйесіне деген сенімі де маңызды.

Экономикалық ынтымақтастық пен даму ұйымының жыл сайынғы есебіне сүйенсек, халықтың сот төрелігіне деген сенім деңгейі мен мемлекеттің қоғам алдындағы есеп беруі арасында тікелей байланыс бар. Сот жүйесіне деген сенім коэффициенті жоғары елдерде мемлекеттік институттардың жауапкершілігі де жоғары және олар халыққа неғұрлым жақынырақ келеді.

Халықтың сот жүйесіне деген сенімінің басты факторы – сот төрелігін бейтарап әрі әділ атқару. Қазіргі Қазақстан жағдайында алқабилер институты қоғамның құқық жүйесіне деген сенімін ғана емес, мемлекеттік билікке деген сенімін де арттырған әлеуетті күшке айналды. Бұл дегеніңіз алқабилер соты қарапайым азаматтарға бірегей мүмкіндік туғызып отыр деген сөз, яғни олар үшін соттаушы да, сотталушы да тең құқыққа ие.

3.6 БАҚ ЖӘНЕ АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМ

ҚР Президенті Қ.К. Тоқаев:

«Қоғамды одан әрі демократияландыру тәуелсіз және жауапкершілігі бар бұқаралық ақпарат құралдарынсыз мүмкін емес. Сондықтан мемлекет мүддесін, қоғам сұранымын және медиасаланың даму ағымдарын ескере отырып БАҚ туралы заңды қайта қарау қажет.

БАҚ – сұранысқа ие ақпарат көздерін құруға басымдық беріледі.

Журналистиканың барлық түрлерін дамыту медиа-контенттің сапасын көтерудің және онымен кеңінен қамтудың маңызды компоненті болып табылады. Зерттеу-іздеу және талдау журналистикасы ақпараттық журналистикамен тең деңгейде дамудың жаңа қуатына ие болуы керек. Мұның бәрі журналистердің кәсіби деңгейін көтерумен ілесіп отыруы тиіс.

БАҚ бәсекелесті мен ақпараттық қауіпсіздік деңгейін арттыру көрсеткіші ақпараттық саясатты сапалы жаңа деңгейге көшірудің өлшемдерінің біріне айналады.

БАҚ дамуының оң динамикасы БАҚ туралы заңды медиа-тұтынудың жаңа ағымдарын ескере отырып қайта қарау қажеттігін көрсетуде. Мәселен 2019 жылдың 15 қаңтарындағы жағдай бойынша Қазақстанда 3328 БАҚ тіркелген болса, 2021 жылдың тамызына олардың саны 4873 БАҚ-ына өскен.

Олардың ішінде:

мерзімдік баспасөз басылымдары	3 541
телеарналар	184
радио	79
ақпараттық агенттіктер мен желілік басылымдар	802

Таралу тілі

БАҚ-тарда жиі қолданылатындары

- ▶ қазақ және орыс тілдері – 1944,
- ▶ тек қана орыс тілі – 899,
- ▶ тек қана қазақ тілі – 587,
- ▶ үш және одан да көп (соның ішінде басқа тілдерде) – 1443.



Ұлттық құрылтай

ҚР Президенті Қ.К. Тоқаев:

«Құрылтай қоғамдық диалогтың бірыңғай институционалдық моделін қалыптастыруы тиіс. Бұл билік пен халықтың өзара іс-қимыл әрекеттестігін күшейтеді».

Ұлттық құрылтай – **халықтың кең ауқымы қатысатын** қоғамдық диалогтың институттандырылған алаңы.

Оның құрамына қоғамдық кеңестердің өңірлік өкілдері, үкіметтік емес ұйымдар, қоғамға беделді адамдар мен

басқа да ынталы азаматтар енеді. Қатысуға кеңінен қамту үшін **түрлі әлеуметтік-кәсіптік құрам** (бизнес, өнеркәсіппен ауыл шаруашылығы өкілдерінен және т.б.) қалыптастыру көзделеді. Ұлттық құрылтай құрамына Парламент депутаттары, Қазақстан халықтары ассамблеясының және Азаматтық альянстың мүшелері де енеді.

Қазіргі уақытта қолданыстағы алаңдар елеулі бірігу әлеуетіне ие. Мәселен Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің мәліметі бойынша 2021 жылы Қазақстанда 234 қоғамдық кеңес қызмет жасады. Оның 18-і – республикалық деңгейде, 216-сы – облыстық, қалалық және аудандық деңгейде болды.

Қазақстандағы үкіметтік емес ұйымдардың саны 2020 жылы 27 мыңға жетті. Оның 63%, немесе 17 мыңы жұмыс істеп тұрғандар санатында. Бүтіндей алғанда, ҰЕҰ саны жыл сайын өсіп келе жатқанын атап өту қажет.

Азаматтық қатысушылық әлеуеттің жоғарылығы жаңа диалог алаңы – Ұлттық құрылтай тиімді қалыптасып, қызмет етуіне сенімді негіз бола алады.

Сонымен, Ұлттық құрылтай бір есептен осы уақытқа дейін сыннан өткен Ұлттық қоғамдық келісім кеңесінің кеңейтілген нұсқасындай болып, **қоғам мен билік арасында әркімнің пікірі мен көзқарасын бағалай білетін әрекет-тестіктің жаңа алаңын** қалыптастырады.

Ұлттық құрылтай қызметінің маңызды бір қыры **жүйелілік, ұдайылық және кең өкілеттілік** болады. Ұлттық құрылтай қоғамдық маңызды мәселелерді қараудың және олар бойынша шешімдер қабылдаудың бастамашылығын жылжыту алгоритімін өзіне алады.

Ұлттық құрылтай – бұл қоғамдық келісім мен консенсусқа келу бойынша өз тиімділігін тарихи дәлелдеген **тікелей демократия институты**.

3.7 ЕЛДІҢ ӘКІМШІЛІК-АУМАҚТЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ

ҚР Президенті Қ.К. Тоқаев:


«Біздің еліміздің алға басуы өңірлердің дамуымен тікелей байланысты. Бұл мәселе жөнінде мен 2019 жылғы Жолдауымда нақты баяндадым. «Қуатты өңірлер – қуатты ел» қағидаты бұлжымай сақталады. Осы жағдайға орай елдің әкімшілік-аумақтық құрылымының оңтайлы болуы өте маңызды».

Жаңа әлеуметтік-демократиялық және экономикалық жағдай жаңа, неғұрлым тиімді әкімшілік-аумақтық құрылымды қажет етеді.

- **Жаңа облыстарды құру**

Парламент палаталарының бірлескен отырысында Мемлекет Басшысы жаңа әкімшілік-аумақтық құрылымдар құрылатындығын мәлімдеді. Шығыс Қазақстан облысы аумағының бір бөлігі **орталығы Семей қаласы болатын Абай облысына** берілді. Қарағанды облысының **аумағында орталығы Жезқазған қаласы болып Ұлытау облысы** құрылды. Алматы облысы екі дербес әкімшілік-аумақтық бірлікке бөлінді – орталығы **Талдықорғандағы Жетісу облысы** және орталығы Қапшағай қаласы болып

табылатын Алматы облысы. Мемлекет басшысы жұртшылықтың қолдауымен **Қапшағай қаласының атын өзгертіп, Д.А. Қонаевтың құрметіне** атауға келісімін берді.



Өңірлердің басқарылуы мен дербестігін арттыру.

Жаңа әкімшілік-аумақтық құрылым жаңа өңірлерге өздерінің шаруашылық қызметтерін кедергісіз жүргізу және өңірлік мәселелермен шұғылдану мүмкіндігін береді. Жаңа өңірлер **әлеуметтік-экономикалық даму жоспарларын өздері әзірлейді**, бюджеттің кіріс және шығыс бөлігін қалыптастырады, сондай-ақ ресурстарды тұрғындар қажетіне бағыттай алады. Мәселен Қарағанды облысының аумағында 2 моноқала – Жезқазған мен Сәтпаев орналасқан. Енді облыс орталығы болатын Жезқазған қаласында соңғы 5 жыл көлемінде халықтың табиғи өсімінің төмендеуі және көшіп кету көрсеткіштерінің өсуі орын алды. Қалаға облыс орталығы мәртебесінің берілуі жергілікті экономиканы жандандыруға

және әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз етуге ықпалын тигізеді. Сәтпаев қаласы да даму қуатына ие бола алады.

Аумақтарды халықтың саны мен тығыздығы тұрғысынан теңгерімдеу. Жаңа облыстардың бөлініп шығуы халықтың саны мен тығыздығын теңгерімдеуге мүмкіндік береді. Халық неғұрлым тығыз орналасқан өңірлерде тұрғындардың білім, денсаулық сақтау және мәдениеттің негізгі инфрақұрылымдық нысандарымен қамтылуына жағымды әсер етеді.

Өңіраралық сәйкессіздікті жұмсарту және жаңа «өсу нүктелерін» іздеу. Қазақстандағы аумақтық дамуда үлкен сәйкессіздіктер қалыптасты. Көшбасшы өңірлер қатарында өнімдері экспортқа бағытталатын облыстар және Алматы мен Нұр-Сұлтан секілді ірі қалалар бар. Өңірлер арасында әлеуметтік инфрақұрылымдармен қамтылуы, білім мен денсаулық сақтаудың сапасы, жергілікті еңбек рыногының және инновациялық әлеуеттің жағдайы жөнінде және осы қалыптасқан жағдайға сәйкес халықтың өмір сүру деңгейі бойынша едәуір алшақтық орын алуда. Оның үстіне, аумақтардың әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштер бойынша бөліну шегі уақыт өткен сайын үдей түсті. Мәселен өңірлер арасындағы ішкі өңірлік өнім көлемі бойынша алшақтық 10 еселік деңгейге дейін жетіп отыр. Дамыған және артта қалған өңірлер арасында дәрігерлер саны жөніндегі алшақтық 3 есе болса, ауруханалардағы төсектер саны бойынша – 2 есе. Өңірлерде шаруашылық және қаржылық дербестіктердің болуы жаңа облыстарға ел экономикасындағы өсудің жаңа «нүктелеріне» айналу мүмкіндігін береді және халықтың өмір сүру сапасы мен деңгейін арттырады.

- Әкімдер аппаратын оңтайландыру

ҚР Президенті Қ.К. Тоқаев:

«Қалай болғанда да, әкімнің орынбасарлары үшеуден аспауы керек. Ерекше жағдайда ғана төртіншісіне рұқсат беріледі».

Әкімшілік-аумақтық құрылымды жетілдіру үшін **өңірлер халқының санына байланысты** облыстар және республикалық маңызы бар қалалар әкімдерінің аппаратында **мемлекеттік қызметшілерді оңтайландыру және қысқарту** жүргізіледі.

Әкімдіктердің (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) және ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) штат санының жаңа лимиті



3.8 ЖЕРГІЛІКТІ ӨЗІН-ӨЗІ БАСҚАРУ

ҚР Президенті Қ.К. Тоқаев:

«Біз нақты өкілеттіктерді орталықтан өңірлерге беру ісін жалғастырамыз. Ең алдымен, мемлекет пен жергілікті өзін-өзі басқару институттарының міндеттерін ажырату қажет».


6,4 мың елді мекенді әкімшілік басқару 2 345 жергілікті қоғамдастық негізінде, оның ішінде 48 аудандық маңызы бар қалада, 26 кентте, 85 дербес ауылда, сондай-ақ 6 231 ауыл мен 4 кенттен тұратын **2 186 ауылдық округте** әкімдер және олардың аппараттары жүзеге асырады.

«Жергілікті өзін-өзі басқару органдары заңда белгіленген шектерде өз құзыретінің аясынан шығарылмайтын және қандай да бір басқа билік органының қарамағында болмайтын **кез келген мәселе бойынша** өз бастамасын іске асыру үшін **толық еркін әрекет етуге** ие болады».

Жергілікті өзін-өзі басқарудың Еуропалық хартиясы

2023 жылы жергілікті өзін-өзі басқару саласындағы қоғамдық қарым-қатынастарды, жергілікті өзін-өзі басқару органдарын құру және олардың қызметі мәселелерін рет-

тейтін «Қазақстан Республикасындағы жергілікті өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының Заңын қабылдау жоспарланып жатыр.

<p>«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заң, 2001 ж.</p>		<p>«Қазақстан Республикасындағы жергілікті өзін-өзі басқару туралы» Заң, 2023 ж.</p>
---	---	--

2021-2025 жылдары жергілікті тұрғындардың тікелей дауыс беруі арқылы **2,5 мың ауылдық округтың әкімі** қайта сайланады.

2023 жылдан бастап облыстарда **аудан әкімдерінің тікелей сайлауын** енгізу жоспарлануда.


Әлемдік тәжірибе:

Ұлыбританияда, Канадада, АҚШ-та және Аустралияда **жергілікті өзін-өзі басқарудың англо-саксондық моделі** жүзеге асырылды. Онда кеңестер жергілікті өзін-өзі басқару органы болып табылады, оның мүшелерін халық 4 жылға тікелей сайлайды. Бұдан әрі кеңес мүшелерінің арасынан **әкім** (төраға) ұсынылады, бірақ ол атқарушы биліктің өкілеттіктеріне ие емес, тек **өкілдік функциясын атқарады**. Осы модель шеңберінде **кеңестер мен оның комитеттері жергілікті жерлерде мемлекеттік басқару функцияларын орындайды**. Әкімшілік аумақты басқару **алқалық қағидаттарында** жүзеге асырылады.

ҚР Президенті Қ.К. Тоқаев:

«Жергілікті өзін-өзі басқарудың мықты жүйесі азаматтардың өзі тұратын жердегі тұрмыс сапасын жақсартуға тікелей қатысуына негіз болатынын түсінуіміз керек».

Қазақстан Республикасында жергілікті өзін-өзі басқаруды дамытудың 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасында 2024 жылдан бастап ауылдық округтерде жергілікті қоғамдастықтың жиналысын өкілетті орган – **Кеңес** етіп қайта құру жоспарлануда. Кеңес құрамы тиісті әкімшілік-аумақтық жердің **халқының санына** байланысты болады. Кеңес мүшелерін **азаматтар тікелей, бес жыл мерзімге** сайлайды. Кеңес **тиісті аумақта күші бар құқықтық актілерді** қабылдайды.



«Жергілікті өзін-өзі басқару органдарына берілген өкілеттіктер, әдетте, толық және ерекше болуы керек».


Жергілікті өзін-өзі басқарудың Еуропалық хартиясы

Кеңес мына мәселелерді реттейді:

- ▶ абаттандыру;
- ▶ елді мекендердің санитариясы;
- ▶ көше саудасы;
- ▶ мерекелік іс-шаралар мен конкурстар өткізу.


Кеңес мынадай құзыреттерге ие болады:

- ▶ мәслихат алдында ауылдық округ әкімінің өкілеттігін тоқтата бойынша бастамашылық жасау;
- ▶ жергілікті өзін-өзі басқару әкімшілігінің тұрғындарға көрсететін қызметтеріне тарифтерді бекіту;
- ▶ салықтар мен төлемдер мөлшерлемелерінің көлемін реттеу (мысалы: 1) жер салығының базалық мөлшерлемелерін ұлғайту немесе азайту; 2) мүлік салығы бойынша салық базасын айқындау үшін аймақтарға бөлу коэффициентін белгілеу және тағы басқа).

**Әлемдік тәжірибе:**

АҚШ-та жергілікті жерлерде «мэр – кеңес» жүйесі жұмыс істейді. Бұл «мықты» мэр және «әлсіз» мэр болып екі санатқа бөлінеді. Әкімнің билік деңгейіне, сондай-ақ оның муниципалитет жүйесіндегі ұстанымына оны сайлау рәсімі сияқты фактор әсер етеді. Мэрді муниципалды кеңес немесе тиісті аумақтың азаматтары сайлайды. Қазіргі уақытта «мэр – кеңес жүйесі» негізінен шағын елді мекендерде – 5-тен 10 мыңға дейін халқы бар АҚШ қалаларының үштен екісінде жүзеге асырылады. Қазақстандық модель «мықты әкім – кеңес» моделіне ұқсас.

АҚШ-тағы «мықты мэр – кеңес» ЖӨБ моделі




ҚР Президенті Қ.К. Тоқаев:

«Саяси жаңғыру аясында мәслихаттар жергілікті өзін-өзі басқарудың негізгі буынына айналуға тиіс. Бүгінде олар жергілікті мемлекеттік басқару әрі жергілікті өзін-өзі басқару институты ретінде гибридрті сипатқа ие болып отыр. Сондықтан мәслихаттардың өкілеттігін нақты белгілеу қажет».

Қазақстанда жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту тұжырымдамасын іске асыру шеңберінде ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәслихатына **ауылдық округ әкімінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату құқығы** беріледі.

Облыстық (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) мәслихаттар **тұрақты комиссия төрағасының** екі сайланбалы тұрақты лауазымымен қосымша күшейтіледі.



«Жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен оларға тікелей қатысты кез келген шешімдерді жоспарлау және қабылдау процесінде мүмкіндігінше уақтылы және тиісті түрде кеңесу қажет».

Жергілікті өзін-өзі басқарудың Еуропалық хартиясы

Қосымша өкілеттіктер беру арқылы депутаттар мен мәслихаттар төрағаларының **құқықтық мәртебесін арттыру:**

- ▶ Кеңес отырыстары мен жиындарына қатысу;
- ▶ мәслихат сессияларында азаматтардың қоғамдық маңызы бар өтініштерін жария ету;
- ▶ мәслихаттардың құрылатын тұрақты және уақытша комиссияларының құрамына кандидатуралар ұсыну;
- ▶ мәслихатқа заңнамалық актілердің орындалуын тексеру қажеттілігі туралы ұсыныстар енгізу;
- ▶ өңірді дамыту немесе жергілікті мәселелер бойынша петиция жасау (қол жинау);
- ▶ өз өкілеттігінің алғашқы екі жылында біліктілігін арттыру.

2022 жылдан бастап барлық деңгейдегі **мәслихаттар өз отырыстарының онлайн-трансляциясын** өткізеді.

2025 жылға қарай жергілікті өзін-өзі басқару органдарының **Интернет-ресурстары** құрылады.

Әлемдік тәжірибе:

Польшадағы жергілікті өзін-өзі басқару моделі **орталық биліктің басқару функцияларының көбін төменгі деңгейге беретіндігімен** ерекшеленеді. Жергілікті деңгейде тәуелсіз қоғамдық және мемлекеттік құрылымдар құрылды, ЖӨБ-

тің әрбір деңгейі үшін тәуелсіз ақша қорлары құрылған. Елдегі жергілікті өзін-өзі басқарудың негізгісі – аумақтық өзін-өзі басқаруға жүктелген барлық негізгі мемлекеттік функцияны атқаратын **гминдер**.

Польшадағы гминдер жергілікті денсаулық сақтау, білім беру мекемелері, коммуналдық қызметтер, жолдар және т.б. жұмысқа **жауапты**.

Гмин бюджеті жеке кірістерден, жалпы субвенциялардан және мақсатты демеуқаржылардан тұрады, оны гмин кеңесі бекітеді және **вуйт** (гминнің атқарушы органы) орындайды. Гмин кірісінің көп бөлігі жеке және заңды тұлғалардың салықтарынан, сондай-ақ жылжымайтын мүлік, аграрлық сектор, көлік, жануарларды асырағаны үшін және т.б. жергілікті салықтардан түседі.

ҚР Президенті Қ.К. Тоқаев:

«Өңірлерді қаржыландыру жүйесін түбегейлі қайта қараған жөн. Қазіргі кезде ауылдық округтер жоғары тұрған әкімдерге толығымен тәуелді. Сондықтан марадымсыз қолдауға ие болуда. Әкімдер сайланатынын ескеріп, халықаралық озық тәжірибеге сәйкес, жергілікті өзін-өзі басқару органдарын тікелей қаржыландыру тәсілін енгізген дұрыс болар еді. Сондай-ақ олардың меншік базасын едәуір кеңейту қажет».

Қазір жергілікті өзін-өзі басқарудың кірістері салық түсімдерінің **алты** түрінен, түрлі төлемдерден, айыппұлдардан, коммуналдық мүліктен түсетін кірістерден және жоғары тұрған бюджеттен берілетін трансферттерден құралады. **Ауылдық округтің орташа бюджеті 107 млн теңгені құрайды.**



«Жергілікті өзін-өзі басқару органдарының ұлттық экономикалық саясат шеңберінде өз өкілеттіктерін жүзеге асыру кезінде еркін билік ете алатын жеткілікті меншікті қаржы ресурстарына ие болуға құқығы бар».

Жергілікті өзін-өзі басқарудың Еуропалық хартиясы

Жергілікті өзін-өзі басқарудың кіріс базасын одан әрі кеңейту үшін 2022 жылы бюджеттің төртінші деңгейіне кейбір салықтар мен төлемдер беріледі:

- ▶ бірыңғай жер салығы;
- ▶ жер телімдерін пайдаланғаны үшін төлем;
- ▶ жер учаскелерін сатудан түсетін түсімдер;
- ▶ жер учаскелерін жалдау құқығын сатқаны үшін

төлем.

2021		2022		2024
Жергілікті өзін-өзі басқарудың 6 табыс көзі		Жергілікті өзін-өзі басқарудың 10 табыс көзі		Жергілікті өзін-өзі басқарудың 13 табыс көзі

2024 жылы мынадай салықтар мен төлемдерді **беру жалғасады**:

- ▶ су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлем;
- ▶ жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алым;
- ▶ қызметтің жекелеген түрлерімен айналысуға арналған лицензияларды пайдаланғаны үшін төлем.

«Жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қаржы ресурстарының белгілі бір бөлігі жергілікті алымдар мен салықтар есебінен толықтырылуға тиіс. Жергілікті өзін-өзі басқару органдары оның ставкаларын заңда белгіленген шектерде айқындауға құқылы».

Жергілікті өзін-өзі басқарудың Еуропалық хартиясы

Әлемдік тәжірибе:

Польшада аумақтық өзін-өзі басқару бірліктерінің кірістері туралы жергілікті заңнамаға сәйкес, табыс деңгейі асып кеткен кезде кім, қанша және қандай жағдайларда салық төлейтіні, сондай-ақ табыс деңгейі жеткіліксіз болған кезде кім және қанша алатыны нақты келісіледі. Бұл заң барлық жергілікті өзін-өзі басқару органдары бюджеттерінің бүкіл кірісін, сондай-ақ олардың орталық билікпен қарым-қатынасын егжей-тегжейлі реттейді.

Польшадағы жергілікті өзін-өзі басқару органдарының бюджеттері кірістерінің құрылымы



КОНСТИТУЦИЯҒА ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ ЖОБАСЫ БОЙЫНША САЛЫСТЫРМА КЕСТЕ

Элемент	Қолданыстағы редакция	Ұсынылған редакция
4-бап 1-т.	1. Қазақстан Республикасында қолданылатын құқық Конституцияның, соған сәйкес заңдардың, өзге де нормативтік құқықтық актілердің, халықаралық шарттары мен Республиканың басқа да міндеттемелерінің, сондай-ақ Республика Конституциялық Кеңесінің және Жоғарғы Соты нормативтік қаулыларының нормалары болып табылады.	1. Қазақстан Республикасында қолданылатын құқық Конституцияның, соған сәйкес заңдардың, өзге де нормативтік құқықтық актілердің, халықаралық шарттық және Республиканың өзге де міндеттемелерінің, сондай-ақ Республика Конституциялық Соты мен Жоғарғы Соты нормативтік қаулыларының нормалары болып табылады.
6-бап 3-т.	3. Жер және оның қойнауы, су көздері, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар мемлекет меншігінде болады. Жер, сондай-ақ заңда белгіленген негіздерде, шарттар мен шектерде жеке меншікте де болуы мүмкін.	3. Жер және оның қойнауы, су, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар халыққа тиесілі. Халық атынан меншік құқығын мемлекет жүзеге асырады. Жер, сондай-ақ заңда белгіленген негіздерде, шарттар мен шектерде жеке меншікте де болуы мүмкін.
15-бап 2-т.	2. Ешкімнің өз бетінше адам өмірін қиюға хақысы жоқ. Өлім жазасы адамдардың қаза болуымен байланысты террористік қылмыстар жасағаны үшін, сондай-ақ соғыс уақытында ерекше ауыр қылмыстар жасағаны үшін ең ауыр жаза ретінде заңмен белгіленеді, ондай жазаға кесілген адамның кешірім жасау туралы өтініш ету хақы бар.	2. Ешкімнің өз бетінше адам өмірін қиюға хақысы жоқ. Өлім жазасына тыйым салынады.

<p>23-бап</p> <p>2-т.</p>	<p>2. Әскери қызметшілер, ұлттық қауіпсіздік органдарының, құқық қорғау органдарының қызметкерлері мен судьялар партияларда, кәсіптік одақтарда болмауға, қандай да бір саяси партияны қолдап сөйлемеуге тиіс.</p>	<p>2. Конституциялық соттың, Жоғарғы Соттың және өзге де соттардың төрағалары мен судьялары, Орталық сайлау комиссиясының, Республиканың Жоғары аудиторлық палатасының төрағалары мен мүшелері, әскери қызметшілер, ұлттық қауіпсіздік органдарының, құқық қорғау органдарының қызметкерлері саяси партияларда, кәсіптік одақтарда болмауға, қандай да бір саяси партияны қолдап сөйлемеуге тиіс.</p>
<p>24-бап</p> <p>1-т.</p>	<p>1. Әркімнің еңбек ету бостандығына, қызмет пен кәсіп түрін еркін таңдауына құқығы бар. Еріксіз еңбекке соттың үкімі бойынша не төтенше жағдайда немесе соғыс жағдайында ғана жол беріледі.</p>	<p>1. Әркімнің еңбек ету бостандығына, қызмет пен кәсіп түрін еркін таңдауына құқығы бар. Еріксіз еңбекке қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылық жасауға кінәлі деп тану туралы сот актісінің негізінде немесе төтенше немесе соғыс жағдайында ғана жол беріледі.</p>
<p>42-бап</p> <p>2-т.</p>	<p>2. Ант беру қаңтардың екінші сәрсенбісінде салтанатты жағдайда Парламент депутаттарының, Конституциялық Кеңес мүшелерінің, Жоғарғы Сот судьяларының, сондай-ақ Республиканың бұрынғы Президенттерінің бәрінің қатысуымен өткізіледі. Конституцияның 48-бабында көзделген жағдайда Қазақстан Республикасы Президентінің өкілеттігін өзіне қабылдаған адам Республика Президентінің өкілеттігін қабылдаған күнінен бастап бір ай ішінде ант береді.</p>	<p>2. Ант беру қаңтардың екінші сәрсенбісінде салтанатты жағдайда Парламент депутаттарының, Конституциялық Сот, Жоғарғы Сот судьяларының, сондай-ақ Республиканың экс-президенттерінің қатысуымен өткізіледі. Конституцияның 48-бабында көзделген жағдайда Қазақстан Республикасы Президентінің өкілеттігін өзіне қабылдаған адам Республика Президентінің өкілеттігін қабылдаған күнінен бастап бір ай ішінде ант береді.</p>

<p>42-бап 5-т. екінші бөлігі</p>	<p>5. Бір адам қатарынан екі реттен артық Республика Президенті болып сайлана алмайды.</p> <p>Бұл шектеу Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентіне қолданылмайды.</p>	<p>5. Бір адам қатарынан екі реттен артық Республика Президенті болып сайлана алмайды.</p>
<p>43-бап</p>	<p>1. Қазақстан Республикасы Президентінің өкілді органның депутаты болуға, өзге де ақы төленетін қызметтерді атқаруға және кәсіпкерлік қызметпен айналысуға құқығы жоқ.</p> <p>2. Алынып тасталды.</p>	<p>1. Қазақстан Республикасы Президентінің өкілді органның депутаты болуға, өзге де ақы төленетін қызметтерді атқаруға және кәсіпкерлік қызметпен айналысуға құқығы жоқ.</p> <p>2. Алынып тасталды.</p> <p>3. Қазақстан Республикасының Президенті өз өкілеттігін жүзеге асыру кезеңінде саяси партияда болмауға тиіс.</p> <p>4. Қазақстан Республикасы Президентінің жақын туыстарының саяси мемлекеттік қызметшілер, квазимемлекеттік сектор субъектілері басшылары лауазымдарын атқаруға құқығы жоқ.</p>
<p>44-бап 2) т.</p>	<p>Қазақстан Республикасының Президенті:</p> <p>2) Республика Парламентіне және оның Палатасына кезекті және кезектен тыс сайлау тағайындайды; Парламенттің бірінші сессиясын шақырады және оның депутаттарының Қазақстан халқына беретін анттын қабылдайды; Парламенттің кезектен тыс сессиясын шақырады; Парламент Сенаты ұсынған заңға бір ай ішінде қол қояды, заңды халыққа жария етеді не заңды немесе оның жекелеген баптарын қайтадан талқылап, дауысқа салу үшін қайтарады;</p>	<p>Қазақстан Республикасының Президенті:</p> <p>2) Республика Парламентіне және оның Палатасына кезекті және кезектен тыс сайлау тағайындайды; Парламенттің бірінші сессиясын шақырады және оның депутаттарының Қазақстан халқына беретін анттын қабылдайды; Парламенттің кезектен тыс сессиясын шақырады; Парламент ұсынған заңға бір ай ішінде қол қояды, заңды халыққа жария етеді не заңды немесе оның жекелеген баптарын қайтадан талқылап, дауысқа салу үшін қайтарады;</p>

<p>44-бап</p> <p>23) т.</p>	<p>Қазақстан Республикасының Президенті:</p> <p>3) Парламент Мәжілісінде өкілдігі бар саяси партиялар фракцияларымен консультациялардан кейін келісім беру үшін Мәжілістің қарауына Республика Премьер-Министрінің кандидатурасын енгізеді; Парламент Мәжілісінің келісімімен Республиканың Премьер-Министрін қызметке тағайындайды; Республиканың Премьер-Министрін қызметтен босатады; Премьер-Министрдің ұсынуымен Үкіметтің құрылымын айқындайды; Парламент Мәжілісімен консультациялардан кейін Премьер-Министр енгізген ұсынумен Үкімет мүшелерін қызметке тағайындайды; сыртқы істер, қорғаныс, ішкі істер министрлерін қызметке дербес тағайындайды; Үкімет мүшелерін қызметтен босатады; Үкімет мүшелерінің антын қабылдайды; ерекше маңызды мәселелер бойынша қажеттігіне қарай Үкімет отырыстарына төрағалық етеді; облыстар, республикалық маңызы бар қалалар мен астана әкімдері актілерінің күшін жояды не қолданылуын толық немесе ішінара тоқтата тұрады;</p>	<p>Қазақстан Республикасының Президенті:</p> <p>3) Парламент Мәжілісінде өкілдігі бар саяси партиялар фракцияларымен консультациялардан кейін келісім беру үшін Мәжілістің қарауына Республика Премьер-Министрінің кандидатурасын енгізеді; Парламент Мәжілісінің келісімімен Республиканың Премьер-Министрін қызметке тағайындайды; Республиканың Премьер-Министрін қызметтен босатады; Премьер-Министр енгізген ұсынумен Үкіметтің құрылымын айқындайды; Премьер-Министрдің Парламент Мәжілісімен консультациялардан кейін енгізген ұсынуы бойынша Үкімет мүшелерін қызметке тағайындайды; сыртқы істер, қорғаныс, ішкі істер министрлерін қызметке дербес тағайындайды; Үкімет мүшелерін қызметтен босатады; Үкімет мүшелерінің антын қабылдайды; қажет болған кезде аса маңызды мәселелер бойынша Үкімет отырыстарына төрағалық етеді;</p>
------------------------------------	---	--

<p>44-бап 4) т.</p>	<p>Қазақстан Республикасының Президенті:</p> <p>4) Парламент Сенатының келісімімен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Төрағасын, Бас Прокурорын және Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасын қызметке тағайындайды; оларды қызметтен босатады;</p>	<p>Қазақстан Республикасының Президенті:</p> <p>4) Парламент Сенатының келісімімен Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының Төрағасын, Ұлттық Банкінің Төрағасын, Жоғары Сот Кеңесінің Төрағасын, Бас Прокурорын және Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасын қызметке тағайындайды; оларды қызметтен босатады;</p>
<p>44-бап 7) т.</p>	<p>Қазақстан Республикасының Президенті:</p> <p>7) Орталық сайлау комиссиясының Төрағасын және екі мүшесін, Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің Төрағасын және екі мүшесін бес жыл мерзімге қызметке тағайындайды;</p>	<p>Қазақстан Республикасының Президенті:</p> <p>7) Орталық сайлау комиссиясының Төрағасын және екі мүшесін, Жоғары аудиторлық палатаның Төрағасын және екі мүшесін бес жыл мерзімге қызметке тағайындайды;</p>
<p>44 -бап 10-1) т.</p>	<p>Қазақстан Республикасының Президенті:</p> <p>10-1) адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігін, егемендігі мен тұтастығын қамтамасыз ету мүддесінде, күшіне енген заңды немесе өзге де құқықтық актіні Республика Конституциясына сәйкестігіне қарау туралы, Қазақстан Республикасы Конституциясының 91-бабының 3-тармағында көзделген жағдайда қорытынды беру туралы Конституциялық Кеңеске өтініш жолдайды;</p>	<p>Қазақстан Республикасының Президенті:</p> <p>10-1) адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігін, егемендігі мен тұтастығын қамтамасыз ету мүддесінде, күшіне енген заңды немесе өзге де құқықтық актіні Республика Конституциясына сәйкестігіне қарау туралы, Қазақстан Республикасы Конституциясының 91-бабының 3-тармағында көзделген жағдайда қорытынды беру туралы Конституциялық Сотқа өтініш жолдайды;</p>

<p>44-бап</p> <p>19) т.</p>	<p>Қазақстан Республикасының Президенті:</p> <p>19) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Хатшысын қызметке тағайындайды және қызметтен босатады, оның мәртебесі мен өкілеттігін анықтайды; Республика Президентінің Әкімшілігін құрады;</p>	<p>Қазақстан Республикасының Президенті:</p> <p>19) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеңесшісін қызметке тағайындайды және қызметтен босатады, оның мәртебесі мен өкілеттігін анықтайды; Республика Президентінің Әкімшілігін құрады;</p>
<p>46-бап</p> <p>4-т.</p>	<p>4. Қазақстанның Тұңғыш Президентінің мәртебесі мен өкілеттігі Республика Конституциясымен және конституциялық заңмен айқындалады.</p>	<p>4. Алынып тасталсын.</p>
<p>47-бап</p> <p>1-т.</p>	<p>1. Қазақстан Республикасының Президенті науқастануына байланысты өзінің міндеттерін жүзеге асыруға қабілетсіздігі дендеген жағдайда қызметінен мерзімінен бұрын босатылуы мүмкін. Бұл ретте Парламент әр Палата депутаттарының тең санынан және медицинаның тиісті салаларының мамандарынан тұратын комиссия құрады. Мерзімінен бұрын босату туралы шешім Парламент Палаталарының бірлескен отырысында комиссияның қорытындысымен белгіленген конституциялық рәсімдердің сақталғаны туралы Конституциялық Кеңес қорытындысы негізінде әр Палата депутаттары жалпы санының кемінде төрттен үшінің көпшілігімен қабылданады.</p>	<p>1. Қазақстан Республикасының Президенті науқастануына байланысты өзінің міндеттерін жүзеге асыруға қабілетсіздігі дендеген жағдайда қызметінен мерзімінен бұрын босатылуы мүмкін. Бұл ретте Парламент әр Палата депутаттарының тең санынан және медицинаның тиісті салаларының мамандарынан тұратын комиссия құрады. Мерзімінен бұрын босату туралы шешім Парламент Палаталарының бірлескен отырысында комиссияның қорытындысы және белгіленген конституциялық рәсімдердің сақталғаны туралы Конституциялық Сот қорытындысы негізінде әр Палата депутаттары жалпы санының кемінде төрттен үшінің көпшілігімен қабылданады.</p>

<p>47-бап</p> <p>2-т.</p>	<p>2. Республиканың Президенті өзінің міндеттерін атқару кезіндегі іс-әрекеті үшін тек қана мемлекетке опасыздық жасаған жағдайда жауап береді және бұл үшін Парламент оны қызметінен кетіруі мүмкін. Айып тағу және оны тексеру туралы шешім Мәжіліс депутаттарының кемінде үштен бірінің бастамасы бойынша депутаттардың жалпы санының көпшілігімен қабылдануы мүмкін. Тағылған айыпты тексеруді Сенат ұйымдастырады және оның нәтижелері Сенат депутаттары жалпы санының көпшілік даусымен Парламент Палаталары бірлескен отырысының қарауына беріледі. Бұл мәселе бойынша түпкілікті шешім айып тағудың негізділігі туралы Жоғарғы Сот қорытындысы және белгіленген конституциялық рәсімдердің сақталғаны туралы Конституциялық Кеңестің қорытындысы болған жағдайда әр Палата депутаттары жалпы санының кемінде төрттен үшіннің көпшілік даусымен Парламент Палаталарының бірлескен отырысында қабылданады. Айып тағылған кезден бастап екі ай ішінде түпкілікті шешім қабылдамау Республика Президентіне қарсы тағылған айыптың күші жойылған деп тануға әкеп соғады.</p>	<p>2. Республиканың Президенті өзінің міндеттерін атқару кезіндегі іс-әрекеті үшін тек қана мемлекетке опасыздық жасаған жағдайда жауап береді және бұл үшін Парламент оны қызметінен кетіруі мүмкін. Айып тағу және оны тексеру туралы шешім Мәжіліс депутаттарының кемінде үштен бірінің бастамасы бойынша депутаттардың жалпы санының көпшілігімен қабылдануы мүмкін. Тағылған айыпты тексеруді Сенат ұйымдастырады және оның нәтижелері Сенат депутаттары жалпы санының көпшілік даусымен Парламент Палаталары бірлескен отырысының қарауына беріледі. Бұл мәселе бойынша түпкілікті шешім айып тағудың негізділігі туралы Жоғарғы Сот қорытындысы және белгіленген конституциялық рәсімдердің сақталғаны туралы Конституциялық Соттың қорытындысы болған жағдайда әр Палата депутаттары жалпы санының кемінде төрттен үшіннің көпшілік даусымен Парламент Палаталарының бірлескен отырысында қабылданады. Айып тағылған кезден бастап екі ай ішінде түпкілікті шешім қабылдамау Республика Президентіне қарсы тағылған айыптың күші жойылған деп тануға әкеп соғады.</p>
----------------------------------	---	---

	Республиканың Президентіне мемлекетке опасыздық жасады деп тағылған айыптың қабылданбауы оның қай кезеңінде де осы мәселенің қаралуына себепші болған Мәжіліс депутаттарының өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатуға әкеп соғады.	Республиканың Президентіне мемлекетке опасыздық жасады деп тағылған айыптың қабылданбауы оның қай кезеңінде де осы мәселенің қаралуына себепші болған Мәжіліс депутаттарының өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатуға әкеп соғады.
50-бап 2-т.	2. Сенат конституциялық заңда белгіленген тәртіппен әр облыстан, республикалық маңызы бар қаладан және Қазақстан Республикасының астанасынан екі адамнан өкілдік ететін депутаттардан құралады. Сенатта қоғамның ұлттық-мәдени және өзге де елеулі мүдделерінің білдірілуін қамтамасыз ету қажеттілігі ескеріліп, Сенаттың он бес депутатын Республика Президенті тағайындайды.	2. Сенат конституциялық заңда белгіленген тәртіппен әр облыстан, республикалық маңызы бар қаладан және Қазақстан Республикасының астанасынан екі адамнан өкілдік ететін депутаттардан құралады. Сенаттың он депутатын Республика Президенті тағайындайды, оның бесеуін Қазақстан халқы ассамблеясының ұсынысы бойынша тағайындайды.
50-бап 3-т.	3. Мәжіліс конституциялық заңда белгіленген тәртіппен сайланатын жүз жеті депутаттан тұрады.	3. Мәжіліс конституциялық заңда белгіленген тәртіппен аралас сайлау жүйесі бойынша: біртұтас жалпыұлттық сайлау округінің аумағы бойынша бара-бар өкілдік жүйесі бойынша, сондай-ақ бір мандатты аумақтық сайлау округтері бойынша сайланатын тоқсан сегіз депутаттан тұрады.
51-бап 1-т.	1. Мәжілістің тоқсан сегіз депутатын сайлау жалпыға бірдей, тең және төте сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы жүзеге асырылады. Мәжілістің тоғыз депутатын Қазақстан халқы Ассамблеясы сайлайды.	1. Мәжіліс депутаттарын сайлау жалпыға бірдей, тең және төте сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы жүзеге асырылады.

	Мәжіліс депутаттарының кезекті сайлауы Парламенттің жұмыс істеп тұрған сайланымы өкілеттігінің мерзімі аяқталардан кемінде екі ай бұрын өткізіледі.	Мәжіліс депутаттарының кезекті сайлауы Парламенттің жұмыс істеп тұрған сайланымы өкілеттігінің мерзімі аяқталардан кемінде екі ай бұрын өткізіледі.
52-бап 5-т.	<p>5. Парламент депутатының өкілеттігі орнынан түскен, ол қайтыс болған, соттың заңды күшіне енген шешімі бойынша депутат іс-әрекетке қабілетсіз, қайтыс болған немесе хабарсыз кеткен деп танылған жағдайларда және Конституция мен конституциялық заңда көзделген өзге де жағдайларда тоқтатылады.</p> <p>Парламент Мәжілісінің депутаты:</p> <p>1) депутат конституциялық заңға сәйкес өзін сайлаған саяси партиядан шыққан немесе шығарылған;</p>	<p>5. Парламент депутатының өкілеттігі орнынан түскен, ол қайтыс болған, соттың заңды күшіне енген шешімі бойынша депутат іс-әрекетке қабілетсіз, қайтыс болған немесе хабарсыз кеткен деп танылған жағдайларда және Конституция мен конституциялық заңда көзделген өзге де жағдайларда тоқтатылады.</p> <p>Парламент Мәжілісінің депутаты:</p> <p>1) депутат конституциялық заңға сәйкес партиялық тізім негізінде сайланған саяси партиядан шыққан немесе шығарылған;</p>
	2) конституциялық заңға сәйкес депутатты сайлаған саяси партия қызметін тоқтатқан кезде өз мандатынан айырылады.	<p>2) конституциялық заңға сәйкес депутатты партиялық тізім негізінде сайлаған саяси партия қызметін тоқтатқан;</p> <p>3) бір мандатты аумақтық сайлау округі бойынша сайланған депутатты конституциялық заңда айқындалатын тәртіппен сайлаушылар кері қайтарып алған кезде өз мандатынан айырылады.</p>
53-бап Жаңа 1-1) т.	Палаталардың бірлескен отырысында Парламент: жоқ;	Палаталардың бірлескен отырысында Парламент: 1-1) конституциялық заңдар қабылдайды;

<p>53-бап Жаңа 1-2) т.</p>	<p>Палаталардың бірлескен отырысында Парламент: жоқ;</p>	<p>Палаталардың бірлескен отырысында Парламент: 1-2) Республика Президентінің қарсылығын туғызған конституциялық заңдар немесе конституциялық заңның баптары бойынша қарсылықтар жіберілген күннен бастап бір ай мерзімде қайталап талқылау мен дауысқа салуды өткізеді. Бұл мерзімнің сақталмауы Президент қарсылықтарының қабылданғанын білдіреді. Егер Парламент әр Палата депутаттарының жалпы санының төрттен үш көпшілік даусымен Президенттің қарсылығын еңсерсе, Президент бір ай ішінде конституциялық заңға қол қояды. Егер Президенттің қарсылығы еңсерілмесе, конституциялық заң қабылданбады деп немесе Президент ұсынған редакцияда қабылданды деп есептеледі;</p>
<p>53-бап 2) т.</p>	<p>Палаталардың бірлескен отырысында Парламент: 2) Үкімет пен Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есептерін бекітеді. Үкіметтің республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есебін Парламенттің бекітпеуі Парламенттің Үкіметке сенімсіздік білдіргенін көрсетеді;</p>	<p>Палаталардың бірлескен отырысында Парламент: 2) Үкімет пен Жоғары аудиторлық палатаның республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есептерін бекітеді. Үкіметтің республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есебін Парламенттің бекітпеуі Парламенттің Үкіметке сенімсіздік білдіргенін көрсетеді;</p>

<p>53-бап 6) т.</p>	<p>Палаталардың бірлескен отырысында Парламент:</p> <p>6) Конституциялық Кеңестің Республикадағы конституциялық заңдылықтың жай-күйі туралы жыл сайынғы жолдауын тыңдайды;</p>	<p>Палаталардың бірлескен отырысында Парламент:</p> <p>6) Конституциялық Соттың Республикадағы конституциялық заңдылықтың жай-күйі туралы жыл сайынғы жолдауларын тыңдайды;</p>
<p>54-бап 1-т.</p>	<p>1. Парламент палаталардың бөлек отырысында мәселелерді әуелі - Мәжілісте, ал содан кейін Сенатта өз кезегімен қарау арқылы конституциялық заңдар мен заңдар қабылдайды, оның ішінде:</p>	<p>1. Парламент заңдарды Палаталардың бөлек отырысында мәселелерді әуелі - Мәжілісте, ал содан кейін Сенатта өз кезегімен қарау арқылы қабылдайды, оның ішінде:</p>
<p>54-бап 7-т. 2) т.</p>	<p>2. Парламент Палаталардың бөлек отырысында мәселелерді әуелі - Мәжілісте, ал содан кейін Сенатта өз кезегімен қарау арқылы:</p> <p>2) Республика Президентінің қарсылығын туғызған заңдар немесе заңның баптары бойынша қарсылықтар жіберілген күннен бастап бір ай мерзім ішінде қайталап талқылау мен дауысқа салуды өткізеді.</p> <p>Бұл мерзімнің сақталмауы Президент қарсылықтарының қабылданғанын білдіреді. Егер Мәжіліс пен Сенат әр Палата депутаттарының жалпы санының үштен екі көпшілік даусымен бұрын қабылданған шешімді растайтын болса, Президент бір ай ішінде заңға қол қояды.</p>	<p>2. Парламент Палаталардың бөлек отырысында мәселелерді әуелі - Мәжілісте, ал содан кейін Сенатта өз кезегімен қарау арқылы:</p> <p>2) Республика Президентінің қарсылығын туғызған заңдар немесе заңның баптары бойынша қарсылықтар жіберілген күннен бастап бір ай мерзім ішінде қайталап талқылау мен дауысқа салуды өткізеді.</p>

	<p>Егер Президенттің қарсылығын ең болмаса палаталардың бірі еңсермесе, заң қабылданбайды немесе Президент ұсынған редакцияда қабылданды деп есептеледі. Парламент қабылдаған конституциялық заңдарға Мемлекет басшысының қарсылығы осы тармақшада көзделген тәртіппен қаралады. Бұл ретте Парламент Президенттің конституциялық заңдарға қарсылығын әр Палата депутаттарының жалпы санының кемінде төрттен үшінің даусымен еңсереді;</p>	<p>Бұл мерзімнің сақталмауы Президент қарсылықтарының қабылданғанын білдіреді. Егер Мәжіліс пен Сенат әр Палата депутаттарының жалпы санының үштен екі көпшілік даусымен Президенттің қарсылығын еңсерсе, Президент бір ай ішінде заңға қол қояды. Егер Президенттің қарсылығын ең болмаса палаталардың бірі еңсермесе, заң қабылданбайды немесе Президент ұсынған редакцияда қабылданды деп есептеледі;</p>
<p>55-бап 2) т.</p>	<p>Сенаттың ерекше қарауына мыналар жатады:</p> <p>2) Республика Президентінің, Республика Ұлттық Банкінің, Төрағасын, Бас прокурорын және Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасын тағайындауына келісім беру;</p>	<p>Сенаттың ерекше қарауына мыналар жатады:</p> <p>2) Республика Президентінің, Республика Конституциялық Сотының Төрағасын, Ұлттық Банкінің Төрағасын, Жоғары Сот Кеңесінің Төрағасын, Бас Прокурорын, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасын тағайындауына келісім беру;</p>
<p>55-бап 3) т.</p>	<p>Сенаттың ерекше қарауына мыналар жатады:</p> <p>3) Республиканың Бас Прокурорын, Жоғарғы Сотының Төрағасы мен судьяларын оларға ешкімнің тиіспеуі жөніндегі құқығынан айыру;</p>	<p>Сенаттың ерекше қарауына мыналар жатады:</p> <p>3) Республиканың Бас Прокурорын, Жоғарғы Сотының Төрағасы мен судьяларын, Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілді ешкімнің тиіспеуі құқығынан айыру;</p>

<p>56-бап 1-т. 1) т.</p>	<p>1. Мәжілістің ерекше қарауына мыналар жатады: 1) Парламентке енгізілген конституциялық заңдар мен заңдардың жобаларын қарауға қабылдау және осы жобаларды қарау;</p>	<p>1. Мәжілістің ерекше қарауына мыналар жатады: 1) Парламентке енгізілген конституциялық заңдар мен заңдардың жобаларын қарауға қабылдау;</p>
<p>56-бап жаңа 1-т. 3-1) т.</p>	<p>1. Мәжілістің ерекше қарауына мыналар жатады: 3-1) жоқ;</p>	<p>1. Мәжілістің ерекше қарауына мыналар жатады: 3-1) Жоғары аудиторлық палата Төрағасының есебін жылына екі рет тыңдау;</p>
<p>57-бап 1) т.</p>	<p>Парламенттің әр Палатасы дербес, басқа Палатаның қатысуынсыз: 1) Конституциялық Кеңестің екі мүшесін қызметке тағайындайды; Орталық сайлау комиссиясының екі мүшесін, Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің үш мүшесін бес жыл мерзімге қызметке тағайындайды;</p>	<p>Парламенттің әр Палатасы дербес, басқа Палатаның қатысуынсыз: 1) Конституциялық Соттың үш судьясын қызметке тағайындайды; Орталық сайлау комиссиясының екі мүшесін, Жоғары аудиторлық палатаның үш мүшесін бес жыл мерзімге қызметке тағайындайды;</p>
<p>58-бап 3-т. 7) т.</p>	<p>3. Парламент Палаталарының төрағалары: 7) Палаталарға Конституциялық Кеңестің, Орталық сайлау комиссиясының, Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің мүшесі қызметіне тағайындау үшін кандидатуралар ұсынады;</p>	<p>3. Парламент Палаталарының төрағалары: 7) Палаталарға Конституциялық Сот судьялары, Орталық сайлау комиссиясының, Жоғары аудиторлық палатаның мүшелері қызметіне тағайындау үшін кандидатуралар ұсынады;</p>
<p>61-бап Жаңа бөлім екінші 2-т.</p>	<p>2. Республика Президентінің заңдар жобаларын қараудың басымдығын белгілеуге құқығы бар, бұл тиісті заң жобалары бірінші кезектегі тәртіппен екі ай ішінде қабылдануға тиіс екенін білдіреді.</p>	<p>2. Республика Президентінің заңдар жобаларын қараудың басымдығын белгілеуге құқығы бар, бұл тиісті заң жобалары бірінші кезектегі тәртіппен екі ай ішінде қабылдануға тиіс екенін білдіреді.</p>

		Халықтың өмірі мен денсаулығына, конституциялық құрылысқа, қоғамдық тәртіпті сақтауға, елдің экономикалық қауіпсіздігіне қатер төндіретін жағдайларға жедел ден қою мақсатында республика Үкіметінің заң шығару бастамасы тәртібімен енгізілген заң жобалары Парламенттің өз палаталарының бірлескен отырысында дереу қарауына жатады.
61-бап Жаңа үшінші бөлік 3-т.	<p>3. Парламент аса маңызды қоғамдық қатынастарды реттейтін, мыналарға:</p> <p>1) жеке және заңды тұлғалардың құқық субъектілігіне, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына, жеке және заңды тұлғалардың міндеттері мен жауапкершілігіне;</p> <p>2) меншік режиміне және өзге де мүліктік құқықтарға;</p> <p>3) мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарын ұйымдастыру мен олардың қызметінің, мемлекеттік және әскери қызметтің негіздеріне;</p> <p>4) салық салуға, алымдар мен басқа да міндетті төлемдерді белгілеуге;</p> <p>5) республикалық бюджетке;</p> <p>6) сот құрылысы мен сотта іс жүргізу мәселелеріне;</p> <p>7) білім беруге, денсаулық сақтауға және әлеуметтік қамсыздандыруға;</p> <p>8) кәсіпорындар мен олардың мүлкін жекешелендіруге;</p>	<p>3. Парламент аса маңызды қоғамдық қатынастарды реттейтін, мыналарға:</p> <p>1) жеке және заңды тұлғалардың құқық субъектілігіне, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына, жеке және заңды тұлғалардың міндеттері мен жауапкершілігіне;</p> <p>2) меншік режиміне және өзге де мүліктік құқықтарға;</p> <p>3) мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарын ұйымдастыру мен олардың қызметінің, мемлекеттік және әскери қызметтің негіздеріне;</p> <p>4) салық салуға, алымдар мен басқа да міндетті төлемдерді белгілеуге;</p> <p>5) республикалық бюджетке;</p> <p>6) сот құрылысы мен сотта іс жүргізу мәселелеріне;</p> <p>7) білім беруге, денсаулық сақтауға және әлеуметтік қамсыздандыруға;</p> <p>8) кәсіпорындар мен олардың мүлкін жекешелендіруге;</p>

	<p>9) айналадағы ортаны қорғауға;</p> <p>10) республиканың әкімшілік-аумақтық құрылысына;</p> <p>11) мемлекет қорғанысы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысты негізгі принциптер мен нормаларды белгілейтін заңдар шығаруға хақылы.</p> <p>Өзге қатынастардың барлығы заңға тәуелді актілермен реттеледі.</p>	<p>9) айналадағы ортаны қорғауға;</p> <p>10) республиканың әкімшілік-аумақтық құрылысына;</p> <p>11) мемлекет қорғанысы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысты негізгі принциптер мен нормаларды белгілейтін заңдар шығаруға хақылы.</p> <p>Өзге қатынастардың барлығы заңға тәуелді актілермен реттеледі.</p> <p>Парламентке осы баптың 2-тармағының екінші бөлігінде көзделген заң жобалары енгізілген жағдайда, Республика Үкіметі осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген мәселелер бойынша заң күші бар уақытша нормативтік құқықтық актілерді өз жауапкершілігімен қабылдауға құқылы, олар Парламент қабылдаған заңдар күшіне енгенге дейін немесе Парламент заңдарды қабылдамағанға дейін қолданылады.</p>
<p>61-бап</p> <p>4, 5 және 5-1-т.</p>	<p>4. Мәжіліс депутаттары қараған және жалпы санының көпшілік даусымен мақұлданған заң жобасы Сенатқа беріледі, ол онда әрі кеткенде алпыс күннің ішінде қаралады.</p> <p>Сенат депутаттары жалпы санының көпшілік даусымен қабылданған жоба заңға айналады және он күннің ішінде Президенттің қол қоюына беріледі.</p>	<p>4. Мәжіліс депутаттары жалпы санының көпшілік даусымен қабылданған заң Сенатқа беріледі, ол онда алпыс күннен асырылмай қаралады.</p> <p>Мәжіліс депутаттардың жалпы санының көпшілік даусымен заң жобасын тұтастай қабылдамауға құқылы. Қабылданбаған заң жобасы қабылданбаған болып есептеледі және бастамашыға қайтарылады.</p>

<p>Тұтас алғанда, Сенат депутаттары жалпы санының көпшілік даусымен қабылданбаған жоба Мәжіліске қайтарылады. Егер Мәжіліс депутаттары жалпы санының үштен екісінің көпшілік даусымен жобаны қайтадан мақұлдаса, ол Сенатқа қайта талқылауға және дауысқа салуға беріледі. Қайта қабылданбаған заң жобасын сол сессия барысында қайтадан енгізуге болмайды.</p> <p>5. Сенат депутаттары жалпы санының көпшілік даусымен заң жобасына енгізілген өзгертулер мен толықтырулар Мәжіліске жіберіледі. Егер Мәжіліс депутаттардың жалпы санының көпшілік даусымен ұсынылған өзгертулермен және толықтырулармен келіссе, заң қабылданды деп есептеледі. Егер Мәжіліс нақ сондай көпшілік дауыспен Сенат енгізген өзгертулер мен толықтыруларға қарсы болса, Палаталар арасындағы келіспеушілік келісу рәсімі арқылы шешіледі.</p> <p>5-1. Мәжіліс депутаттары қараған және олардың жалпы санының кемінде үштен екісінің даусымен мақұлданған конституциялық заң жобасы Сенатқа беріледі, онда алпыс күннен асырылмай қаралады. Сенат депутаттарының жалпы санының кемінде үштен екісінің даусымен қабылданған жоба конституциялық заңға айналады және он күн ішінде Республика Президентіне қол қоюға ұсынылады.</p>	<p>Сенат депутаттары жалпы санының көпшілік даусымен мақұлданған заң он күн ішінде Президенттің қол қоюына ұсынылады. Егер Сенат заңды тұтастай немесе оның жекелеген баптарын мақұлдаса, онда заң Мәжіліске қайтарылады. Бұл ретте Сенат Мәжіліске заңның жекелеген баптарының жаңа редакциясын ұсынуға құқылы.</p> <p>Егер Сенат алпыс күн ішінде тиісті шешім қабылдамаған жағдайда, заң Президентке қол қоюға ұсынылады.</p> <p>5. Егер Мәжіліс депутаттардың жалпы санының көпшілік даусымен Заңның жекелеген баптарының Сенат ұсынған редакциясымен келіссе, заң жаңа редакцияда Мәжіліс қабылдаған және Сенат мақұлдаған болып есептеледі және он күн ішінде Президенттің қол қоюына ұсынылады.</p> <p>Егер Мәжіліс заңның жекелеген баптарының Сенат ұсынған редакциясына нақ сондай көпшілік дауыспен қарсылық білдірсе, сондай-ақ Сенат заңды тұтастай мақұлдамаған жағдайда, Палаталар арасындағы келіспеушіліктер келісу рәсімдері арқылы шешіледі.</p> <p>Келісу комиссиясы әзірлеген заңның редакциясын Мәжіліс пен Сенат осы баптың 4-тармағында белгіленген тәртіппен қарауға тиіс.</p>
--	---

	<p>Конституциялық заң жобасын тұтастай қабылдамады Мәжіліс немесе Сенат Палата депутаттары жалпы санының көпшілік даусымен жүзеге асырады.</p> <p>Сенат депутаттары жалпы санының кемінде үштен екісінің даусымен конституциялық заң жобасына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар Мәжіліске жіберіледі. Егер Мәжіліс депутаттардың кемінде үштен екісінің даусымен Сенат енгізген өзгерістермен және толықтырулармен келіссе, конституциялық заң қабылданды деп есептеледі.</p> <p>Егер Мәжіліс, Сенат енгізген өзгерістер мен толықтырулар бойынша дауыс беру кезінде олармен депутаттардың кемінде үштен екісінің даусымен келіспесе, онда палаталар арасындағы келіспеушіліктер келісу рәсімдері арқылы шешіледі.</p>	<p>Мәжіліс Палата депутаттары жалпы санының көпшілік даусымен келісу комиссиясы ұсынған редакцияда заң қабылдамаған жағдайларда Мәжіліс бұрын қабылданған редакцияда заң бойынша қайта дауыс беруді өткізеді.</p> <p>Егер Мәжіліс қайта дауыс беру кезінде Палата депутаттары жалпы санының үштен екісінің көпшілік даусымен бұрын қабылданған шешімді растаса, заң он күн ішінде Президенттің қол қоюына ұсынылады.</p> <p>Егер заң Мәжіліс депутаттарының көрсетілген көпшілік даусын ала алмаса, заң қабылданбады деп есептеледі және бастамашыға қайтарылады.</p>
<p>62-бап 5-т.</p>	<p>5. Парламент пен оның Палаталарының заң актілері, егер Конституцияда өзгеше көзделмесе, Палаталар депутаттары жалпы санының көпшілік даусымен қабылданады.</p>	<p>5. Заңдарды Мәжіліс қабылдайды, егер Конституцияда өзгеше көзделмесе, Палаталар депутаттары жалпы санының көпшілік даусымен Сенат мақұлдайды.</p> <p>Парламент пен оның Палаталарының қаулылары, егер Конституцияда өзгеше көзделмесе, Палаталар депутаттары жалпы санының көпшілік даусымен қабылданады.</p>

<p>62-бап 6-т.</p>	<p>6. Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу мәселелері бойынша кемінде екі оқылым өткізу міндетті.</p>	<p>6. Қазақстан Республикасының Конституциясына, конституциялық заңдардың жобаларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу мәселелері бойынша кемінде екі оқылым өткізу міндетті.</p>
<p>VI бөлім</p>	<p>Конституциялық Кеңес</p>	<p>Конституциялық Сот</p>
<p>71-бап</p>	<p>1. Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі жеті мүшеден тұрады, олардың өкілеттігі алты жылға созылады. Республиканың экс-Президенттері құқығы бойынша ғұмыр бойы Конституциялық Кеңестің мүшелері болып табылады.</p> <p>2. Конституциялық Кеңестің Төрағасын Республиканың Президенті тағайындайды және дауыс тең бөлінген жағдайда оның даусы шешуші болып табылады.</p> <p>3. Конституциялық Кеңестің екі мүшесін - Республика Президенті, екі-екі мүшеден тиісінше Сенат пен Мәжіліс тағайындайды.</p> <p>Конституциялық Кеңес мүшелерінің жартысы әрбір үш жыл сайын жаңартылып отырады.</p> <p>4. Конституциялық Кеңестің Төрағасы мен мүшесінің қызметі депутаттық мандатпен, оқытушылық, ғылыми немесе өзге шығармашылық қызметтерді қоспағанда, өзге де ақы төленетін жұмысты атқарумен, кәсіпкерлікпен айналысумен, коммерциялық ұйымның басшы органының немесе байқаушы кеңесінің құрамына кірумен сыйыспайды.</p>	<p>1. Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты өкілеттігі алты жылға созылатын Төрағаны қоса алғанда, он бір судьядан тұрады.</p> <p>Бір адамды қатарынан екі реттен артық Конституциялық Соттың судьясы етіп тағайындауға болмайды.</p> <p>2. Конституциялық Соттың Төрағасын Парламент Сенатының келісімімен Республика Президенті тағайындайды.</p> <p>3. Конституциялық Соттың төрт судьясын Республика Президенті, Конституциялық Соттың үш-үш судьясын тиісінше Сенат пен Мәжіліс тағайындайды.</p> <p>Конституциялық Сот Төрағасының орынбасарын Конституциялық Сот Төрағасының ұсынуы бойынша Конституциялық Сот судьяларының арасынан Республика Президенті тағайындайды.</p> <p>4. Конституциялық Сот судьясының лауазымы депутаттық мандатпен, оқытушылық, ғылыми немесе өзге шығармашылық қызметтерді қоспағанда, өзге де ақы төленетін жұмысты атқарумен, кәсіпкерлікпен айналысумен, коммерциялық ұйымның басшы органының немесе байқаушы кеңесінің құрамына кірумен сыйыспайды.</p>

	<p>5. Конституциялық Кеңестің Төрағасы мен мүшелерін өздерінің өкілеттігі мерзімі ішінде тұтқынға алуға, күштеп әкелуге, оған сот тәртібімен белгіленетін әкімшілік жазалау шараларын қолдануға, қылмыс үстінде ұсталған немесе ауыр қылмыстар жасаған реттерді қоспағанда, Парламенттің келісімінсіз қылмыстық жауапқа тартуға болмайды.</p> <p>6. Конституциялық Кеңестің ұйымдастырылуы мен қызметі конституциялық заңмен реттеледі.</p>	<p>5. Конституциялық Соттың судьяларын өздерінің өкілеттігі мерзімі ішінде тұтқынға алуға, күштеп әкелуге, оған сот тәртібімен белгіленетін әкімшілік жазалау шараларын қолдануға, қылмыс үстінде ұсталған немесе ауыр қылмыстар жасаған реттерді қоспағанда, Парламенттің келісімінсіз қылмыстық жауапқа тартуға болмайды.</p> <p>6. Конституциялық Соттың ұйымдастырылуы мен қызметі конституциялық заңмен реттеледі.</p>
<p>72-бап</p>	<p>1. Конституциялық Кеңес Қазақстан Республикасы Президентінің, Сенат Төрағасының, Мәжіліс Төрағасының, Парламент депутаттары жалпы санының кемінде бестен бір бөлігінің, Премьер-Министрдің өтініші бойынша:</p> <p>...</p> <p>2. Конституциялық Кеңес Конституцияның 44-бабының 10-1) тармақшасында көзделген жағдайларда – Республика Президентінің өтініштерін, сондай-ақ Конституцияның 78-бабында белгіленген жағдайларда соттардың өтініштерін қарайды.</p>	<p>1. Конституциялық Сот Қазақстан Республикасы Президентінің, Сенат Төрағасының, Мәжіліс Төрағасының, Парламент депутаттары жалпы санының кемінде бестен бір бөлігінің, Премьер-Министрдің өтініші бойынша:</p> <p>...</p> <p>2. Конституциялық Сот Конституцияның 44-бабының 10-1) тармақшасында көзделген жағдайларда – Республика Президентінің өтініштерін, сондай-ақ Конституцияның 78-бабында белгіленген жағдайларда соттардың өтініштерін қарайды.</p> <p>3. Конституциялық сот азаматтардың өтініштері бойынша Конституцияда бекітілген, олардың құқықтары мен бостандықтарын тікелей қозғайтын Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің Республика Конституциясына сәйкестігін қарайды.</p>

		<p>Азаматтардың Конституциялық Сотқа жүгіну тәртібі мен шарттары конституциялық заңмен белгіленеді.</p> <p>4. Конституциялық Сот Республика Бас Прокурорының өтініштері бойынша осы баптың 1-тармағының 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген мәселелерді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің олардың Республика Конституциясына сәйкестігін қарайды.</p> <p>5. Конституциялық Сот адам құқықтары жөніндегі уәкілдің өтініштері бойынша адамның және азаматтың Конституцияда баянды етілген құқықтары мен бостандықтарын қозғайтын нормативтік құқықтық актілердің Республика Конституциясына сәйкестігін қарайды.</p>
<p>73-бап</p>	<p>1. Конституциялық Кеңеске Конституцияның 72-бабының 1-тармағының 1)-тармақшасында көрсетілген мәселелер бойынша өтініш жасалған ретте, Президенттің қызметіне кірісуі, Парламенттің сайланған депутаттарын тіркеу не республикалық референдумның нәтижелерін шығару тоқтатыла тұрады.</p> <p>2. Конституциялық Кеңеске Конституцияның 72-бабының 1-тармағының 2) және 3)-тармақшаларында көрсетілген мәселелер бойынша өтініш жасалған ретте, тиісті актілерге қол қою не оларды бекіту мерзімінің өтуі тоқтатыла тұрады.</p>	<p>1. Конституциялық Сотқа Конституцияның 72-бабының 1-тармағының 1)-тармақшасында көрсетілген мәселелер бойынша өтініш жасалған ретте, Президенттің қызметіне кірісуі, Парламенттің сайланған депутаттарын тіркеу не республикалық референдумның нәтижелерін шығару тоқтатыла тұрады.</p> <p>2. Конституциялық Сотқа Конституцияның 72-бабының 1-тармағының 2) және 3)-тармақшаларында көрсетілген мәселелер бойынша өтініш жасалған ретте, тиісті актілерге қол қою не оларды бекіту мерзімінің өтуі тоқтатыла тұрады.</p>

	3. Конституциялық Кеңес өтініштер түскен күннен бастап бір ай ішінде өз шешімін шығарады. Егер мәселе кейінге қалдыруға болмайтын болса, Республика Президентінің талабы бойынша бұл мерзім он күнге дейін қысқартылуы мүмкін.	3. Конституциялық Сот өз шешімін конституциялық заңда белгіленген мерзімде шығарады.
74-бап 2-т.	2. Конституциялық емес деп танылған, оның ішінде адамның және азаматтың Конституцияда баянды етілген құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтіреді деп танылған заңдар мен өзге де құқықтық актілердің күші жойылады және қолданылуға жатпайды.	2. Конституциялық Сот шешім қабылдаған күннен бастап немесе ол белгіленген күннен бастап конституциялық емес деп танылған, оның ішінде адамның және азаматтың Конституцияда баянды етілген құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтіреді деп танылған заңдар мен өзге де құқықтық актілердің, олардың жекелеген ережелерінің күші жойылады және қолданылуға жатпайды.
74-бап 3-т.	3. Конституциялық Кеңестің шешімдері қабылданған күннен бастап күшіне енеді, Республиканың бүкіл аумағында жалпыға бірдей міндетті, түпкілікті болып табылады және шағымдануға жатпайды.	3. Конституциялық Соттың шешімдері қабылданған күннен бастап күшіне енеді, Республиканың бүкіл аумағында жалпыға бірдей міндетті, түпкілікті болып табылады және шағымдануға жатпайды.
VII бөлім	Соттар және сот төрелігі	Соттар және сот төрелігі. Прокуратура. Адам құқықтары жөніндегі уәкіл.
78-бап	Соттардың Конституциямен баянды етілген адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтіретін заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілерді қолдануға хқысы жоқ.	Соттардың Конституциямен баянды етілген адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтіретін заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілерді қолдануға хқысы жоқ.

	Егер сот қолданылуға тиісті заң немесе өзге де нормативтік құқықтық акт Конституциямен баянды етілген адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтіреді деп тапса, іс жүргізуді тоқтата тұруға және осы актіні конституциялық емес деп тану туралы ұсыныспен Конституциялық Кеңеске жүгінуге міндетті.	Егер сот қолданылуға тиісті заң немесе өзге де нормативтік құқықтық акт Конституциямен баянды етілген адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтіреді деп тапса, іс жүргізуді тоқтата тұруға және осы актіні конституциялық емес деп тану туралы ұсыныспен Конституциялық Сотқа жүгінуге міндетті.
82-бап 4, 5-т.	4. Жоғары Сот Кеңесі Республика Президенті тағайындайтын Төрағадан және басқа да адамдардан құралады. 5. Жоғары Сот Кеңесінің мәртебесі және жұмысын ұйымдастыру заңмен белгіленеді.	4. Жоғары Сот Кеңесінің Төрағасын Парламент Сенатының келісімімен Республика Президенті тағайындайды. 5. Жоғары Сот Кеңесінің мәртебесі, құрамын қалыптастыру тәртібі және жұмысын ұйымдастыру заңмен белгіленеді.
83-бап 4-т.	4. Республика прокуратурасының құзыреті, ұйымдастырылуы мен қызмет тәртібі заңмен белгіленеді.	4. Республика прокуратурасының құзыреті, ұйымдастырылуы мен қызмет тәртібі конституциялық заңмен белгіленеді.
83-1-бап Жаңа	Жоқ.	1. Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл адамның және азаматтың бұзылған құқықтары мен бостандықтарын қалпына келтіруге жәрдемдеседі, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын ілгерілетуге ықпал етеді. 2. Адам құқықтары жөніндегі уәкіл өз өкілеттіктерін жүзеге асыру кезінде тәуелсіз және мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдарға есеп бермейді.

		<p>5. Адам құқықтары жөніндегі уәкілді өздерінің өкілеттігі мерзімі ішінде тұтқынға алуға, күштеп әкелуге, оған сот тәртібімен белгіленетін әкімшілік жазалау шараларын қолдануға, қылмыс үстінде ұсталған немесе ауыр қылмыстар жасаған реттерді қоспағанда, Сенаттың келісімінсіз қылмыстық жауапқа тартуға болмайды.</p> <p>4. Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің құқықтық жағдайы мен қызметін ұйымдастыру конституциялық заңмен белгіленеді.</p>
<p>87-бап 4, 5-т.</p>	<p>4. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың әкімдерін қызметке тиісінше облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың мәслихаттарының келісімімен Республика Президенті тағайындайды. Өзге әкімшілік-аумақтық бөліністердің әкімдері заңда айқындалатын тәртіппен қызметке тағайындалады немесе сайланады, сондай-ақ қызметінен босатылады. Республика Президенті өзінің ұйғаруы бойынша әкімдерді қызметтерінен босатуға хақылы.</p>	<p>4. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың әкімдерін қызметке тиісінше облыс аумағында орналасқан мәслихаттар депутаттарының немесе республикалық маңызы бар қалалар мен астана мәслихаттары депутаттарының келісімімен Республика Президенті тағайындайды.</p> <p>Республика Президенті дауыс беру өткізілетін кемінде екі кандидатура ұсынады. Дауыс беруге қатысқан мәслихаттар депутаттарының көп дауысын алған кандидат келісім алған болып есептеледі.</p> <p>Өзге әкімшілік-аумақтық бөліністердің әкімдері заңда айқындалатын тәртіппен қызметке тағайындалады немесе сайланады, сондай-ақ қызметінен босатылады. Республика Президенті өз қалауы бойынша облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың әкімдерін қызметтерінен босатуға құқылы.</p>

	<p>5. Мәслихат депутаттарының жалпы санының кемінде бестен бірінің бастамасы бойынша әкімге сенімсіздік білдіру туралы мәселе қойылуы мүмкін. Бұл жағдайда мәслихат өз депутаттарының жалпы санының көпшілік даусымен әкімге сенімсіздік білдіруге және оны қызметінен босату жөнінде тиісінше Республика Президентінің не жоғары тұрған әкімнің алдына мәселе қоюға хақылы. Облыстар, республикалық маңызы бар қалалар және астана әкімдерінің өкілеттігі жаңадан сайланған Республика Президенті қызметіне кіріскен кезде тоқтатылады.</p>	<p>5. Мәслихат депутаттарының жалпы санының кемінде бестен бірінің бастамасы бойынша әкімге сенімсіздік білдіру туралы мәселе қойылуы мүмкін. Бұл жағдайда мәслихат өз депутаттарының жалпы санының көпшілік даусымен әкімге сенімсіздік білдіруге және оны қызметінен босату туралы тиісінше Республика Президентінің алдына облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың әкімдеріне қатысты немесе өзге әкімшілік-аумақтық бөліністердің әкімдеріне қатысты жоғары тұрған әкімнің алдына мәселе қоюға құқылы.</p> <p>Облыстар, республикалық маңызы бар қалалар және астана әкімдерінің өкілеттігі жаңадан сайланған Республика Президенті қызметіне кіріскен кезде тоқтатылады.</p>
<p>88-бап 4-т.</p>	<p>4. Әкімдердің шешімдері мен өкімдерінің күшін тиісінше Қазақстан Республикасының Президенті, Үкіметі не жоғары тұрған әкім жоюы мүмкін, сондай-ақ олардың күші сот тәртібімен жойылуы мүмкін.</p>	<p>4. Әкімдердің шешімдері мен өкімдерінің күшін тиісінше Қазақстан Республикасының Үкіметі не жоғары тұрған әкім жоюы мүмкін, сондай-ақ олардың күші сот тәртібімен жойылуы мүмкін.</p>
<p>91-бап 2-т.</p>	<p>2. Конституцияда белгіленген мемлекеттің тәуелсіздігі, Республиканың біртұтастығы мен аумақтық тұтастығы, оны басқару нысаны, сондай-ақ тәуелсіз Қазақстанның Негізін салушы, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы іргесін қалаған Республика қызметінің түбегейлі принциптері және Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасының мәртебесі өзгермейді.</p>	<p>2. Конституцияда белгіленген мемлекеттің тәуелсіздігі, Республиканың біртұтастығы мен аумақтық тұтастығы, оны басқару нысаны, Республика қызметінің түбегейлі принциптері өзгеріссіз болып табылады.</p>

<p>91-бап 3-т.</p>	<p>3. Республика Конституциясына енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар, олардың осы баптың 2-тармағында белгіленген талаптарға сәйкес келетіні туралы Конституциялық Кеңестің қорытындысы болған жағдайда, республикалық референдумға немесе Республика Парламентінің қарауына шығарылады.</p>	<p>3. Республика Конституциясына енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар, олардың осы баптың 2-тармағында белгіленген талаптарға сәйкестігі туралы Конституциялық Соттың қорытындысы болған жағдайда, республикалық референдумға немесе Республика Парламентінің қарауына шығарылады.</p>
<p>99-бап Жаңа</p>	<p>Жоқ.</p>	<p>1. Конституциялық Сот және Жоғары аудиторлық палата құрылғанға дейін Конституциялық Кеңестің және Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің төрағалары мен мүшелері өз өкілеттіктерін сақтайды.</p> <p>Конституциялық Сот құрылғанға дейін Конституциялық Соттың Конституцияның 72-бабының 1 және 2-тармақтарында көзделген функцияларын Конституциялық Кеңес жүзеге асырады.</p> <p>2. Конституциялық Кеңестің нормативтік қаулылары Конституциялық Сот оларды қайта қарағанға дейін Конституцияға қайшы келмейтін бөлігінде қолданылады.</p> <p>3. Қазақстан Республикасы Конституциясының Парламент Палаталарын құру туралы ережелері сегізінші сайланған Парламент Мәжілісі депутаттарын сайлаудан бастап қолданылады.</p>






2-бап	Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заң жобасы	<p>1. Конституциялық заңдар мен заңдарды қабылдау тәртібін, сондай-ақ Конституциялық Соттың қызметін айқындайтын Қазақстан Республикасы Конституциясының ережелері 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.</p> <p>Мәжіліс мақұлдаған және 2023 жылғы 1 қаңтарда Парламенттің қарауында жатқан заң жобалары заң болып саналады және Қазақстан Республикасы Конституциясының 61-бабында белгіленген тәртіппен қаралады.</p> <p>2. Лауазымды адамдарға өкілеттік берудің жаңа тәртібін белгілейтін Қазақстан Республикасы Конституциясының нормалары, егер Қазақстан Республикасының Конституциясында өзгеше көзделмесе, осы лауазымды адамдардың өкілеттік мерзімінің аяқталуына немесе өкілеттіктерінің тоқтатылуына қарай қолданысқа енгізіледі.</p> <p>3. Жоғары аудиторлық палатаның құрамы құрылғанға дейін Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген функциялар мен өкілеттіктерді жүзеге асыруды жалғастырады.</p>
3-бап	Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заң жобасы	3-бап. Осы Заң ағымдағы Заңның 2-бабының ережелерін ескеріле отырып, референдумның қорытындылары туралы хабар ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.



**Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы
Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институты (ҚСЗИ)
Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы
16 маусымдағы Жарлығына сәйкес құрылған
мемлекеттік болжау-талдамалық мекеме.**

Талдау орталықтарының 2020 жылғы Дүниежүзілік индекстер рейтингіне сәйкес (Global Go To Think Tank Index Report, University of Pennsylvania) ҚСЗИ Кавказ, Орталық және Оңтүстік Азияның жетекші талдау орталықтарының үштігіне кіреді (58 орталықтан), сондай-ақ «Covid-19-ға ең үздік саясат және институционалдық жауап» номинациясы бойынша әлемнің топ ақыл-ой орталықтарының қатарына кірді. Бұл номинацияға әлемнің түкпір-түкпірінен 83 талдау орталығы кірді, олардың ішінде ҚСЗИ Орталық Азия елдерінен кірген жалғыз құрылым болды.

Институттың негізгі қызметі – Қазақстан Республикасы Президентінің қызметін мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатының стратегиялық бағыттары бойынша талдамалық, зерттеу және сараптамалық қамтамасыз ету.

-  www.kisi.kz
-  [kisi_kz](https://t.me/kisi_kz)
-  [kisi.kz](https://www.facebook.com/kisi.kz)
-  [kisi_kz](https://www.instagram.com/kisi_kz)
-  [KAZ_ISS](https://twitter.com/KAZ_ISS)

**Қазақстан Республикасының Президенті
Қ.К. Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы.
«Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы»**

Әдістемелік ұсыныстар

Беттеуші Горшкова Т.А.
Корректор Бакирова А.М..

Пішімі 60x90 1/16.
Офсеттік қағаз. Офсеттік басылым.
Баспа т. 13. Таралымы 500 дана.

Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы
Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институты
010000, Нұр-Сұлтан, Бейбітшілік көш., 4

«Надежда 2050» баспаханасында басылған.
020000, Көкшетау, Баймұқанов көш., 3.